



## **«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары  
Жеке қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың есебі**

**31 желтоқсан 2017 ж.**

## Мазмұны

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп.....	1
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп .....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп .....	4

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1.	«Самұрық-Энерго» компаниясы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер.....	5
2.	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері.....	5
3	Жаңа есептік ережелер .....	11
4	Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар .....	14
5	Байланысты тараптармен жүргізілген есептер және операциялар .....	21
6	Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар .....	23
7	Берілген заемдар.....	24
8	Өзге ұзақ мерзімді активтер.....	26
9	Басқа қысқа мерзімді активтер .....	27
10	Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері .....	28
11	Сатуға арналған активтер .....	29
12	Акционерлік капитал.....	31
13	Заемдар.....	31
14	Дивидендтер бойынша табыстар .....	33
15	Жалпы және әкімшілік шығыстар .....	34
16	Басқа операциялық шығыстар .....	34
17	Қаржылық табыстар .....	34
18	Қаржылық шығыстар .....	35
19	Табыс салығы .....	35
20	Шартты және келісім-шартты міндеттемелер және операциялық тәуекелдер .....	38
21	Санаттар бойынша қаржылық құралдар.....	40
22	Қаржылық тәуекелдерді басқару.....	40
23	Қаржылық құралдардың өділ құны .....	45
24	Есеп берген күннен кейінгі жағдай .....	46

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБИ

### *Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі*

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКЦИОНЕРІНЕ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ

#### *Пікір*

Біздің пікірімізше, жеке қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі «Компания») 2017 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

#### **Аудит тақырыбы**

Біз Компанияның жеке қаржы есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы жеке есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелеріне және басқа да түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, жеке қаржылық есептілігіне ескертулер.

#### *Пікір білдіру үшін негіз*

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік (ХАС). Осы стандарттарға сәйкес Біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың жеке қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

#### **Тәуелсіздік**

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттары Кеңесінің профессионалды бухгалтерлер этика Кодексіне (ХБЭСК) сәйкес Компанияға тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.

### Біздің аудит тәсіліміз

#### Қысқаша шолу



- Жалпы Компанияның қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 1.5 млрд. теңге, ол Компанияның барлық активтерінің баланстық құнының 0.26% құрайды.
- Біз Компанияға аудит жүргіздік.
- Еншілес кәсіпорын «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС станциясына» («ЕМАЭС-1») жасалған инвестицияның құнсыздануы;
- Бірлеске кәсіпорын «Екібастұз Станциясы -2» (ЕМАЭС-2) жасалған инвестицияның құнсыздануы;
- «Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі «БЖЭС») қауымдасқан кәсіпорнына жасалған инвестициясының құнсыздануы;
- БЖЭС-тегі үлесті сатып алу міндетмесіне байланысты шартты міндеттеме.

Біздің аудит методологиямыз маңыздылықты анықтау және жеке қаржылық есептің маңызды бұрмалануының тәуекелдерін бағалауын қамтиды. Атап айтқанда, біз қай жерлерде басшылық субъективті пайымдау жасағанын талдадық, мысалы, жорамалдар мен табиғатына байланысты белгісіз болашақтағы оқиғаларды талдауды талап ететін маңызды бухгалтерлік бағалауларды. Біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылауларды елемеу тәуекелін қарастырдық, соның ішінде, басқа да мәселелермен қатар, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалау қауіп белгілерінің барлығын бағаладық.

#### Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз септігін тигізді. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік алу үшін жобаланған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан туындауы мүмкін. Олар маңызды болып саналады, егер жеке немесе жиынтығында, олар жеке қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуіне негіз бар деп күтілсе.

Біз өзіміздің кәсіби пікірімізге сүйене отырып, маңыздылық үшін қажет төмендегі кестеде көрсетілгендей белгілі бір сандық мөлшердегі шектер орнаттық, соның ішінде тұтастай алғанда жеке қаржы есептілігі үшін жалпы топтық маңыздылық үшін. Осы мөлшерлердің арқасында, және де сапалы факторларды есепке ала отырып, біз аудиттің көлемін, түрін, мерзімін және біздің аудиторлық шаралардың ауқымын анықтадық, сондай-ақ бұрмалаулардың жеке немесе жиынтығында жеке қаржылық есепке тигізетін септігін бағаладық, тұтастай алғанда.



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

3 – бет

*Жеке қаржылық есептіліктің деңгейіндегі маңыздылық*

1.5 млрд. теңге

*Берілген деңгей қалай анықталды*

Барлық активтерінің баланстық құнының 0.26% құрайды

*Маңыздылық белгілерін қолдану негіздері*

Компанияның барлық активтерінің баланстық құнын маңыздылықты анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде қолдануға шешім қабылдадық, себебі осы көрсеткішті Компанияның қызметінің нәтижесін бағалау мақсатында пайдаланушылар өте жиі қарастырады деп есептейміз, және де ол көпшілік мақұлдаған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз 0.26% деңгейіндегі маңыздылықты орнаттық. Іс жүзінде, осы секторда инвестициялауға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданысқа ие сандық шектеу мәндерінің ауқымында 1% деңгейінде маңыздылық деңгейін орнатамыз, бірақ бұл жағдайда біз маңыздылық деңгейін 0.26% дейін қысқарттық, шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін маңыздылықты бағалау негізінде.

### Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері, біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас алып қарастырдық және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз.

#### Аудиттің негізгі мәселелері

#### Аудит барысында аудиттың негізгі мәселелері қалай ескерілді

*Еншілес кәсіпорын ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестицияның құнсыздануы*

*Жеке қаржылық есептіліктің №4 ескертуін қараңыз*

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық еншілес кәсіпорындарына жасалған құнсыздану индикаторына талдау жасады. Талдау негізінде жақын арада болған тарифтерді реттейтін заңнамалардағы өзгерістер мен 2017 жыл бойында орташа өлшемді тариф деңгейінің төмендеуі ЕМАЭС-1-тің қаржылық емес активтерінің құнсыздануы, тиісінше Компанияның ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестициясының құнсыздануы ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

Біз ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестицияның құнсыздануына, құнсыздану индикаторының анықталуын, ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестицияның баланстық құнының маңыздылығын (2017

Компания басшылығы тәуелсіз сарапшыларды ЕМАЭС-1 негізгі құралдары мен материалдық емес активтердің құнсыздануын тексеруге тиісінше Компанияның ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестициясының құнсыздануын тексеруге тартты.

Біз қаржылық емес активтердің құнсыздануының тексеру үшін басшылық жалдаған тәуелсіз сарапшылардың қолданылған моделдерін алып, танысып және бағалап, сондай-ақ олардың әдістемесін және негізгі пайымдауларын бағаладық, және де олардың бюджеттер мен бизнес-жоспарларға, сыртқы ақпараттарға және біздің сараптамаға

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

4 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында аудиттың негізгі мәселелері қалай ескерілді
<p>жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 338,272,063 мың теңгеге тең, ол Компанияның шамамен 59% активі), ескере отырып, сондай-ақ осыған байланысты, басшылықтың инвестицияның пайдалану құндылығын бағалау күрделі мәселе болып табылады, себебі, ол еншілес компанияның болашақ нарықтық және экономикалық жағдайы мен қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты елеулі пайымдаулар мен бағалауларды қолдануға негізделген.</p>	<p>сәйкестігін, саланың ерекшелігін назарға ескере отырып тексердік.</p> <p>Басшылықтың ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестицияның құнсыздануын бағалауына қатысты біз төмендегідей шараларды атқардық:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• басшылық жалдаған тәуелсіз сарапшылардың құзыреттілігін, біліктілігін, тәжірибесін және объективтілігін бағалау;</li> <li>• басқа топтардан дербес ақша қаражатының ағындарын тудыратын анықталатын активтер топтарын анықтауды талдау;</li> <li>• тексеру жүргізу барысындағы басшылықтың негізгі пайымдауларының нақтылығы мен орындылығын тексеру;</li> <li>• модельдердің басқа да кіріс мәліметтерін және оларды растайтын құжаттармен салыстыру, соның ішінде Даму Жоспары және Даму Жоспардың іс жүзіндегі нәтижелерімен салыстыру сияқты, егер олар орынды деп танылған жағдайда;</li> <li>• құнсыздануға тексеруді бағалау мақсатында басшылықпен бірқатар сұхбаттарды жүргізу;</li> <li>• өткен жылдың болжамымен салыстырғанда өткен жылдағы нақты көрсеткіштерді бағалау;</li> <li>• негізгі жорамалдардың негіздемелі мүмкін өзгерістерінің ықпал етуін қарастыру.</li> </ul> <p>Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жеке қаржылық есептің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.</p> <p>Жүргізілген шаралардың нәтижесінде, біз келесі қорытындыға келдік: қолданылған негізгі жорамалдар тиісті ағымдағы жағдайларға лайықты, қаржы есептілігінде көрсетілген құнсызданудан болған шығын сомасы жеткілікті, ал ақпараттың ашылуы ХҚЕС (IAS) 36 "Активтердің құнсыздануы" стандартына сәйкес.</p>

**Аудиттің негізгі мәселелері****Аудит барысында Аудиттің негізгі мәселелері қалай ескерілді*****ЕМАЭС-2-ге жасалған инвестицияның құнсыздануы.******Жеке қаржылық есептіліктің №4 ескертуін қараңыз***

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық жүргізілген құнсыздану индикаторына жасалған талдау нәтижесінде орташа өлшемді тарифтің деңгейінің төмендеуі, өндірілетін және сатылатын электр энергиясының көлемінің төмендеуі ЕМАЭС-2-нің қаржылық емес активтерінің құнсыздануы, тиісінше Компанияның ЕМАЭС-2-ге жасалған инвестициясының Компанияның ЕМАЭС-2-ге жасаған инвестициясының құнсыздану ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

Компания 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ЕМАЭС-2-ге жасаған инвестицияның құны 8,725,133 мың теңгеге тең.

Біз осы инвестицияның құнсыздану мөлшерінің маңыздылығы мен оның өтелетін сомасын бағалау үдерісінің күрделілігін ескере отырып бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

***БЖЭС инвестициясының құнсыздануы******Жеке қаржылық есептіліктің №4 және №6, ескертулерін қараңыз***

БЖЭС-ті жобалау, жеткізу және салуға келісімшарттың (“ЕРС келісімшартты”) Samsung Engineering Ltd және Samsung C&T (“Консорциум”) тарапынан бұзылуы, келісімшартты бұзуға байланысты төлем жасау бойынша соңғы талабын жолдауы және әзірлеуші зауыттағы жабдықты кәдеге жаратуға нұсқау берілуі Компания басшылығымен БЖЭС инвестициясының құнсыздану белгісі болып есептелді. Соған сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания БЖЭС-ке салған инвестицияның құнсыздануы салдарынан шеккен 32,085,280 мың теңге мөлшеріндегі залалды таныды.

Біз компонент аудиторының жұмыс құжаттамасына шолу жасап, онымен ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдарын құнсыздану тексеру моделінде басшылық қолданған әдіснамасы мен негізгі жорамалдарын талқыладық. Біз негізгі жорамалдардың біздің ЕМАЭС-2 операциялары туралы негізгі түсініктерімізге қаншалықты сәйкес келетінін бағаладық.

Сонымен қатар, біз Компанияның басшылығымен және Аудит Комитетімен аталған инвестицияға қатысты болашақ жоспарларды талқыладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жеке қаржылық есептің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық. Жүргізілген рәсімдер нәтижесінде біз басшылық қолданған негізгі болжамдар қазіргі жағдайда қолайлы, жеке қаржылық есептілікте есептелген құнсыздану және ескертпеліктер жеткілікті және ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкес деген шешімге келдік.

Біз БЖЭС қаржылық ақпараттарына қатысты таңдаулы аудиторлық шараларды жүргіздік.

Біз Компания, БЖЭС және Консорциум арасындағы хат-хабарларды алдық және зерттедік, соның ішінде ЕРС келісімшартын бұзу туралы хабарламаны және ЕРС келісімшарты тоқтатылғанына байланысты ақырғы төлем талаптарын зерттедік. Біз БЖЭС жабдықтарының тізімін және аяқталмаған құрылысын талдадық.

Алынған ақпарат бойынша Компанияның БЖЭС инвестициясының өтелетін сомасының мөлшерін бағаладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жеке қаржылық есептің 4-



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

6 - бет

### Аудиттің негізгі мәселелері

Біз аталған инвестицияның баланстық құнының маңыздылығын ескере отырып, бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

*БЖЭС-тегі үлесті сатып алу міндеттемесіне байланысты шартты міндеттеме*

*Жеке қаржылық есептіліктің №4 ескертуін қараңыз*

Компания және Samsung C&T бірлесіп «Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасына қатысады. «Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасына байланысты Компания БЖЭС акцияларына қатысты Samsung C&T-мен «Опциондық келісімді» («Опциондық келісім») жасасты. Опциондық келісім шарттары бойынша кейбір жағдайларда Samsung C&T Компаниядан өзінің БЖЭС-тағы үлесін сатып алуды талап ете алады. 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T Компанияның атына Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сатуға қатысты опционды орындау туралы хабарлама жіберді. Samsung C&T опционды орындау құнын 192 миллион АҚШ доллары сомасына бағалады.

Қазіргі таңда үкіметтік деңгейде Samsung C&T корпорациясының «Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасынан шығуымен, соның ішінде опционды орындау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын және келіссөздердің ағымдағы нәтижесін назарға ала отырып, Компания опционды орындауға қатысты маңызды экономикалық ресурстардың кету ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және осы жылғы жағдай бойынша жеке қаржылық есептілікте Компания Samsung C&T талап еткен опционды орындауға қатысты қандай да бір резервтерді құрған жоқ.

### Аудит барысында Аудиттің негізгі мәселелері қалай ескерілді

ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.

Жүргізілген рәсімдер нәтижесінде біз басшылық қолданған негізгі болжамдар қазіргі жағдайда қолайлы, жеке қаржылық есептілікте есептелген күнсыздану және ескертпеліктер жеткілікті және ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің күнсыздануы» талаптарына сәйкес деген шешімге келдік.

Біз Опциондық келісім шартты, опционды орындау туралы хабарламаны және осы сұраққа қатысты жеке қаржылық есептің 4-ескертпесінде көрсетілген хаттамаларды, басқа да құжаттарды алдық және де оларды талдадық.

Біз Samsung C&T компаниясымен келіссөздер жүргізу үшін жауапты Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілімен кездестік және осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Компанияның ұстанымы туралы түсінік алдық.

Біз БЖЭС-ке жасалған инвестиция және Samsung C&T Corporation сату опционына қатысты ақпаратты ашу мен ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің күнсыздануы», ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер», ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» техникалық талаптарын қарастырдық. Жүргізілген рәсімдердің нәтижесінде, инвестиция мен міндеттемелердің баланстық құнына біз қандай да бір түзетулер ұсынған жоқпыз.

Біз аудиторлық қорытындының шығарылу күні жағдайында осы жобаның жалғасу шарттарына қатысты келіссөздер аяқталмағанын, және тиісінше, аталған шарттардың барлық тартылған тараптарға міндеттеу сипаты бар формасында бекітілмегеніне назар аударамыз. Барлық жоғарыда айтылған мәселелерге қатысты болашақтағы оқиғаларды алдын ала болжау мүмкін емес болғандықтан, қосымша міндет-



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

7 – бет

### Аудиттің негізгі мәселелері

Сонымен бірге Компания басшылығы жоғарыда аталған келіссөздер мен реттеу нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін болатын уағдаластыққа қатысты анықтықтың жоқ екенін атап көрсетеді. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізе алмаған жағдайда, Samsung C&T корпорациясының сот инстанцияларында Компанияға қарсы дау қозғау ықтималдығы туралы қауіп бар. Компания басшылығы Samsung C&T компаниясының опцион шарттарын пайдалануына құқығы болған жоқ, және оған қарсы жақсы қорғану желісі бар деп санайды, оның ішінде қарсы тараптың шағым нақты жағдайларға сәйкес келеді деп негіздеуге қабілетсіздігінің нәтижесінде.

Біз аталған сұрақтың жеке қаржылық есептілігіне маңыздылығын ескере отырып, бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

### *Өзге ақпарат*

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ жеке қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Бұл есеп, шамамен, біздің аудиторлық қорытындының күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің жеке қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпараты қамтымайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен жеке қаржылық есеп немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға айтуға міндеттіміз.

### *Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың жеке қаржылық есептілікке жауапкершілігі*

Басшылық осы жеке қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайлардағы мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады, басшылық Компанияны жоюға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

### Аудит барысында Аудиттің негізгі мәселелері қалай ескерілді

темелердің пайда болуына деген белгісіздік орын алып отыр.

Бұл ретте, аталған сұраққа қатысты жеке қаржылық есептіліктегі ақпараттың ашылуына көңіл бөлдік, және оны жеткілікті және орынды деп қорытындыладық.

## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

8 - бет

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындау процессін қадағалауға жауапкершілік алады.

### *Аудитордың жеке қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда жеке қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ХАС-на тиісті жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз төмендегілерді орындаймыз:

- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан жеке қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;
- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Компанияның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын, басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашылуы мен бухгалтерлік бағалардың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда жеке қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудару керекпіз, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгерту керекпіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, одан кейін болатын оқиғалар немесе шарттар Компанияның қызметінің үздіксіздік қабілеттілігін тоқтатуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- жалпы ұсынылуына, құрылымы мен мазмұнына, ақпараттың ашылуына, және де негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды осы жеке қаржы есептілікте дұрыс ұсынылғанына баға береміз;

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.



**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

9 – бет

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актпен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпараттың біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

*PricewaterhouseCoopers LLP*

Алматы, Қазақстан  
2018 жылғы 5 маусым

Бекітілді:



Дана Инкарбеков

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС  
Басқарушы директоры

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005  
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:



Бауржан Бурханбеков

Осы аудиторлық қорытынды  
шығарылған аудит бойынша  
тапсырманың жетекшісі

Аудитор-орындаушы  
(2006 жылғы 30 қазандағы №0000586  
Аудитордың Квалификациялық куәлігі)

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы жеке есеп**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар		264,320	620,644
Материалдық емес активтер		935,329	1,014,924
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын компанияларға салынған инвестициялар	6	504,428,843	533,424,495
Берілген заемдар	7	12,279,695	35,712,236
Басқа ұзақ мерзімді активтер	8	13,164,208	3,516,718
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>531,072,395</b>	<b>574,289,017</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар		27,293	22,397
Берілген заемдар	7	355,993	14,511,037
Басқа да қысқа мерзімді активтер	9	12,823,443	31,300,110
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	14,142,829	4,812,476
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	11	15,810,776	31,182,280
<b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>		<b>43,160,334</b>	<b>81,828,300</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>574,232,729</b>	<b>656,117,317</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	12	373,314,888	373,314,888
Басқа резервтік капитал		91,668,501	91,668,501
Жабылмаған залал		(78,576,191)	(49,725,062)
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ</b>		<b>386,407,198</b>	<b>415,258,327</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Заемдар	13	173,504,049	66,434,655
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	21	2,262,892	1,432,273
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>175,766,941</b>	<b>67,866,928</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Заемдар	13	9,437,246	170,832,678
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер		1,354,331	907,798
Акционердің алдындағы міндеттемелер		1,174,066	1,174,065
Басқа да төленетін салықтар		92,947	77,521
<b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		<b>12,058,590</b>	<b>172,992,062</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>187,825,531</b>	<b>240,858,990</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>		<b>574,232,729</b>	<b>656,117,317</b>

Басшылық атынан 2018 жылғы 5 маусымда қол қойылды.

Әлиев Ерлан Жәнісулы  
 Экономика және қаржы жөніндегі  
 басқарушы директордың м.а.

Төлекова Сәуле Бекзадақызы  
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»  
 департаментінің директоры – Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған 5-беттен 47-бетке дейінгі ескертулер осы қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ****Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Дивиденд бойынша табыстар	14	20,160,743	8,417,366
Басқа табыстар		513,190	19,834
Жалпы және әкімшілік шығыстар	15	(6,178,591)	(5,592,497)
Басқа шығыстар	16	(33,492,651)	(5,947,689)
<b>Операциялық залал</b>		<b>(18,997,309)</b>	<b>(3,102,986)</b>
Қаржылық табыстар	17	5,372,962	9,898,128
Қаржылық шығыстар	18	(19,966,188)	(14,265,706)
<b>Салық салғанға дейінгі залал</b>		<b>(33,590,535)</b>	<b>(7,470,564)</b>
Табыс салығы бойынша шығыс	19	(177,890)	(272,740)
<b>Жалғастырылатын қызметтен шеккен жыл ішіндегі залал</b>		<b>(33,768,425)</b>	<b>(7,743,304)</b>
Тоқтатылған қызметтен түскен жыл ішіндегі пайда	11	11,573,212	-
<b>Барлық жыл ішіндегі залал</b>		<b>(22,195,213)</b>	<b>(7,743,304)</b>
Басқа жиынтық табыс		-	-
<b>Барлық жыл ішіндегі жиынтық залал</b>		<b>(22,195,213)</b>	<b>(7,743,304)</b>

Қоса беріліп отырған 5-беттен 47-бетке дейінгі ескертулер осы қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>Акционерлік капитал</b>	<b>Басқа резервтік капитал</b>	<b>Жабылмаған залал</b>	<b>Барлық капитал</b>
<b>2016 жылдың 1 қаңтарына қалдық</b>		<b>355,650,405</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(39,940,758)</b>	<b>407,378,148</b>
Жылдық залал		-	-	(7,743,304)	(7,743,304)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық залал		-	-	(7,743,304)	(7,743,304)
Акционерлік капиталдың ұлғаюы		17,664,483	-	-	17,664,483
Есептелген дивидендтер		-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
<b>2016 жылдың 31 желтоқсанына қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(49,725,062)</b>	<b>415,258,327</b>
Жылдық залал		-	-	(22,195,213)	(22,195,213)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық залал		-	-	(22,195,213)	(22,195,213)
Капиталдың өзге бөліністері		-	-	(1,951,021)	(1,951,021)
Есептелген дивидендтер		-	-	(4,704,895)	(4,704,895)
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(78,576,191)</b>	<b>386,407,198</b>

Қоса беріліп отырған 5-беттен 47-бетке дейінгі ескертулер осы қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
<b>Операциялық қызметтер бойынша ақша қаражатының қозғалысы:</b>		
Жалғасып отырған қызметтен шеккен салық салғанға дейінгі залал	(33,590,535)	(7,470,564)
Тоқтатылған қызметтен салық салғанға дейінгі түскен пайда	11,573,212	
Түзетулер:		
Дивидендтер бойынша табыстар	(20,764,593)	(8,417,366)
Тозу және амортизация	327,513	344,764
Қаржылық шығыстар	19,966,188	14,265,706
Қаржылық табыстар	(5,372,962)	(9,898,128)
Бағам айырмасынан түскен пайда/(залал)	127,441	395,813
Активтердің құнсыздануы бойынша шығындар	33,227,188	5,530,870
Активтің істен шығуынан болған залалдар	680	33
Басқа табыс	-	(151)
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтерінен алынған/(қолданылған) ақша қаражаттары:</b>		
Тауар-материалдық қорлардың (көбеюі)/азаюы	(4,897)	5,030
Дебиторлық берешек пен басқа қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің көбеюі	(11,297,312)	(252,439)
Басқа кредиторлық берешектердің азаюы/(көбеюі)	303,711	(1,961,640)
Басқа салықтар бойынша несиелердің азаюы/көбеюі	15,426	(78,204)
<b>Операциялық қызметте қолданылған ақша қаражаты</b>	<b>(5,488,940)</b>	<b>(7,536,276)</b>
Төленген табыс салығы	(177,890)	(272,740)
Алынған дивидендтер	15,812,271	8,650,684
Төленген пайыздар	(11,323,554)	(9,976,540)
<b>Операциялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаты</b>	<b>(1,178,113)</b>	<b>(9,134,872)</b>
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>		
Негізгі қорлар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(158,705)	(169,926)
Еншілес компаниялардың акцияларын сатудан түскен түсімдер	14,738,993	154,717
Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген заемдар мен қаржылай көмек	(13,065,435)	(3,621,309)
Еншілес компаниялардың капиталына салынған салым	(2,038,888)	(5,805,512)
Банктік салымдарды қайтару /(орналастыру), нетто	21,080,058	(1,354,621)
Алынған пайыздар	4,040,928	5,389,270
Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылай көмекті жабудан түскен түсімдер		6,528,508
Облигацияларды өтеуден түскен түсімдер	36,941,495	16,279,276
Берген аванстарды қайтару	2,200,000	-
Қауымдасқан ұйымдардың үлестерді сатып алу	-	(12,483,260)
Қауымдасқан ұйымдардағы үлестерді сатудан түскен түсімдер	-	2,194,110
Қарыздық құралдарды сатып алу	-	(4,500,000)
<b>Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты</b>	<b>76,508,576</b>	<b>2,611,253</b>
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>		
Облигацияларды өтеу	(167,994,272)	-
Заемдар бойынша түсімдер	79,114,450	1,882,800
Шығарылған облигациялар бойынша түскен түсімдер	48,000,000	
Заемдарды өтеу	(16,921,628)	(10,698,000)
Самұрық-Қазынадан алынған заемдарды өтеу	(2,381,109)	(2,381,109)
Төленген дивидендтер	(4,704,896)	(2,041,000)
Өзге төлемдер	(1,105,647)	(77,362)
Акциялар эмиссиясынан түскен түсімдер	-	17,664,483
<b>Қаржылық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақша қаражаты</b>	<b>(65,993,102)</b>	<b>4,349,812</b>
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттеріне валюталардың айырбас бағамдары өзгеруінің әсері	(7,008)	350,991
<b>Ақша қаражатының және олардың эквиваленттерінің таза көбеюі/(азаюы)</b>	<b>9,330,353</b>	<b>(1,822,816)</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	4,812,476	6,635,292
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	<b>14,142,829</b>	<b>4,812,476</b>

Қоса беріліп отырған 5-беттен 47-бетке дейінгі ескертулер осы қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## **1. «Самұрық-Энерго» компаниясы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер**

Осы қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») үшін 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға орай Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды.

Компанияның жалғыз акционері Компанияның акциясын 100% пайыз иеленуші «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

### ***Негізгі қызметі***

Компания қызметінің негізгі түрлері Көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр, жылу энергиясы мен ыстық су өндіру және оны халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау мен желідегі электр энергиясын техникалық үлестіру, су және жылу электр станцияларын салу, өтелетін электр энергиясы көздерін пайдалану, сонымен қатар су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға алумен баланысты қызметтерді жүзеге асыратын бірнеше компанияларды біріктіретін холдингтік компания (бұдан әрі - Компания) болып табылады (6-ескертпе).

### ***Компанияның заңды мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны***

Қазақстан Республикасы. Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

### ***Есептілікті ұсыну валютасы***

Егер өзгеше көрсетілмесе, аталған қаржылық есептіліктің көрсеткіштері қазақстан теңгесімен («теңге») көрсетілді.

## **2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері**

### ***Қаржылық есептілікті дайындау негізі***

Осы жеке қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржы құралдардарын алғашқы тану кезінде алғашқы құнымен бірге түзетулерді бағалау қағидатына байланысты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған. Бұдан әрі жеке қаржылық есептілікті дайындауда қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері келтіріледі. Бұл есеп саясатының ережелері ұсынылған мерзімдердің барлық есептіліктеріне қатысты сабақтастықта қолданылды.

Компания осы жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін дайындады.

Компания, сонымен қатар, Компанияға және оның еншілес компанияларына (бұдан әрі - «Топ») қатысты ХҚЕС-ке сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте дауыс беретін акцияларының жартысынан көбі Топқа тікелей немесе жанама тиесілі немесе Компания басқаша түрде олардың қаржылық және операциялық саясатын бақылай алатын, компания деп анықталған еншілес компаниялардың операциялары толығымен шоғырландырылған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есебін мына мекен-жайда орналасқан Компания кеңсесінен алуға болады: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 15А.

Компанияның қаржылық жағдайы, операциялық қызметтерінің нәтижелері және жалпы алғанда, қаржылық жағдайының өзгерістері туралы толық ақпарат алу мақсатында қолданушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы жағдайға қарай және 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС-ке сәйкес, қаржылық есептілікті дайындау бағалар мен ұсыныстарды пайдалануды талап етеді. Ол сонымен қатар басшылықтан Компанияның есептік саясатын қолдану үрдісінде кәсіби пікірлерді пайдалануды талап етеді.

### ***Айырбас бағамдары***

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, шетелдік валютада көрсетілген қалдықтарды қайта есептеуде қолданылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 332.33 теңгені құрады (2016 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ долларына 333.29 теңге). Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тысқары аймақтарда еркін айырбасталымды валюта болып табылмайды.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### **Негізгі қорлар**

#### **(i) Тану және кейінгі бағалау**

Негізгі қорларды есепке алуда, егер қажет болса, жинақталған тозу мен құнсыздану қорды шегергендегі алғашқы құнымен көрсетіледі. Алғашқы құн импортқа баж алымын және саудалық шегерімдер мен қайтарып беруді алып тастағандағы сатып алу бойынша өтелмейтін салықтарды қоса алғанда, сатып алу құнынан, активті қажетті жеріне жеткізумен және мақсатты белгісі үшін жұмыс жағдайына көшірумен тікелей байланысты кез келген шығындардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе қайта жаңғырған негізгі қорлардың нысандарының алғашқы құны шығындалған материалдардан, орындалған өндірістік жұмыстардан және өндірістік үстеме шығындардың бір бөлігінен тұрады.

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына енеді немесе Компания осы активті пайдаланудан экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайда және оның құны сенімді бағаланатын болса, шоғырландырылған актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөлігінің балансық құны шығынға жазылады. Жөндеу жұмыстарына және техникалық қызмет көрсетуге кететін барлық басқа активтер пайда болу шамасына қарай есеп беру кезеңіндегі пайдаға және залалға жатқызылады.

Негізгі қорлардың істен шығуынан келетін пайда немесе залал алынған төлем мен олардың баланстық құнының айырмашылықтарының сомасында, басқа операциялық табыстар немесе шығындар құрамында бір жылдық пайда немесе залалда көрсетіледі.

#### **(ii) Тозу**

Негізгі құралдардың басқа объектілерінің тозуы оларды тиімді пайдалану мерзімі ішінде алғашқы құнынан жойылу құнына дейін бірқалыпты есептен шығару әдісі бойынша есептеледі, оның ішінде:

	<u>Тиімді пайдалану мерзімі</u> <u>(жыл саны)</u>
Басқа негізгі қорлар	3 – 10 жыл

Активтің жойылу құны оның жасы мен тиімді пайдалану мерзімінің соңында күтілетін техникалық жағдайы сәйкес келіп тұр деген болжамға байланысты Компания осы сәтте сату шығынын шегергендегі активті сатудан алатын мүмкіндігі бар соманы бағалауды көрсетеді. Егер Компания объектінің физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін оны пайдалануды қаласа, онда активтің жойылу құны нөлге тең. Активтердің жойылу құны мен оларды тиімді пайдалану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болған жағдайда, әр есеп беру кезеңінің соңында түзетіледі.

#### **(iii) Құнсыздану**

Әр есеп беру кезеңінің соңында басшылық негізгі қорлардың құнсыздану белгісі болуын анықтайды. Егер ең болмаса осындай бір белгі анықталса, басшылық ең үлкен екі шамамен: активті сату шығындарын шегергендегі әділ құнымен және оны пайдалану құндылықтарымен анықталатын өтеу құнын бағалайды. Активтің төңгерімдік құны өтеу құнына дейін азаяды; құнсызданудан келген залал бір жылдық пайда немесе залалда көрсетіледі. Өткен есеп беру кезеңінде танылған, активтің құнсыздануынан келген залал егер активті пайдалануда құндылықтарды немесе сату шығындарын шегергендегі әділ құнын анықтауда салынған есептік бағалаулар өзгерсе, қалпына келеді.

### **Материалдық емес активтер**

Компанияның барлық материалдық емес активтерін тиімді пайдаланудың белгілі бір мерзімдері бар және олар көбінесе капиталданған бағдарламалық жасақтамаға енгізіледі. Сатып алынған бағдарламалық жасақтама оны сатып алуға жұмсалған және пайдалануға енгізген шығындар сомасында капиталданады. Барлық материалдық емес активтер басшылықтың 3 жылдан 5 жылға дейін бағалаған, олардың тиімді қолданыу мерзімі бойында желілік әдіспен амортизацияланады.

Құнсыздану жағдайында материалдық емес активтердің баланстық құны ең үлкен шамаларға: оларды пайдалану құндылықтарына және сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп тастағандағы әділ құнына дейін есептен шығарылады.

### **Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар**

Осы жеке қаржылық есептіліктің мақсаты үшін осындай инвестицияларды есептегенде Компания қордың құнсыздануын шегергендегі алғашқы құн әдісін қолданады.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### **Қаржы құралдары**

#### *(i) Бағалаудың негізгі шарттары*

Компанияның қаржылық құралдары төменде жазылғандай амортизациялық құн бойынша есептеледі.

Амортизацияланған құн есептелген пайыздарды қоса, негізгі қарызды шегергендегі активтің алғашқы құнын, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан болған шығынды кез келген есептен шығаруды шегергендегі алғашқы құнын көрсетеді. Есептелген пайыздарға мәміле бойынша шығындарды алғашқы танығандағы мерзімі кейінгі қалдырылғандардың амортизациясы, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданғандағы өтеу сомасынан дисконт немесе кез келген сыйлықақылар жатады. Аударылған купондық табысты және амортизациялық дисконтты немесе сыйақыны (мұндай бар болғанда, комиссияға ұсынғанда кейінге қалдырылғанмен бірге) қоса есептелген пайыздық табыстар және есептелген пайыздық шығындар жеке-дара көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы есептіліктің сәйкес баптарының баланстық құнына қосылады.

Мәміле бойынша шығындар қосымша шығындар болып табылады және ол қаржы құралын сатып алумен, шығарумен немесе оларды істен шығарумен тікелей байланысты. Қосымша шығындар – бұл мәміле жасалмаса, болмайтын шығындар. Мәміле бойынша шығындарға агенттерге (сауда агенттері ретінде қатысатын қызметкерлерді қоса) кеңесшілерге, делдалдарға және дилерлерге төлеген сыйақылары мен комиссиялық сыйақылары, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сонымен қатар меншікті табыстауда алынатын салықтар мен алымдар жатады. Мәміле бойынша шығындарға несиелік міндеттемелерге қатысты сыйақылар мен дисконттар, қаржыландыруға жұмсалған шығыстар, ішкі әкімшілік шығыстар немесе сақтауға кеткен шығыстар жатпайды.

Пайызды тиімді мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың теңгерімдік құнын тұрақты пайыздық мөлшерлеменен (тиімді пайыздық мөлшерлеменен) қамтамасыз ету мақсатында сәйкес мерзім ішінде пайыздық табыс немесе пайыздық шығынды мойындау әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін өрекет ету мерзіміне, немесе қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімде сәйкес жағдайларда, келешектегі есептік ақша төлемдерін немесе түсімдерді (несие бойынша келешектегі залалдарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы көрсетілген құрал үшін құбылмалы мөлшерлеме бойынша несиелі спредті көрсететін немесе нарықтық мәнге тәуелді бекітілмейтін, басқа ауыспалы факторлар бойынша сыйлықақылар мен дисконттарды қоспағанда, пайыздың келесі өзгертін күніне дейін құбылмалы мөлшерлеменен құралдар бойынша ақша ағымын дисконттау үшін қолданылады. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құрал айналымының барлық күтілетін мерзімі ішінде амортизацияланады. Дисконтталған құнның есебі тиімді пайыздық мөлшерлеменің бөлінбейтін бөлігін құрайтын келісімшарттың тараптарынан алынған немесе төленген барлық комиссиялық сыйлықақыларды қамтиды.

#### *(ii) Қаржылық активтердің жіктелуі*

Компанияның қаржылық активтері амортизациялық құны бойынша ескерілетін «заемдар және дебиторлық берешектер» санаты бойынша көрсетіледі. Басшылық өз қаржылық активтерінің жіктелуін алғашқы тану кезінде анықтайды.

Несиелер мен дебиторлық берешектер белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін, Компания жақын уақытта сата қоймайтын, белгіленген немесе анықталатын төлемдерден басқа өндірілмейтін қаржылық активтерді көрсетеді. Олар өтеу мерзімі есеп беру кезеңінен кейін 12 айдан аспайтын несиелер мен дебиторлық берешектерден басқа қысқа мерзімді активтерді қамтиды. Олар ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

#### *(iii) Қаржылық міндеттемелердің жіктелуі*

Компанияның қаржылық міндеттемелері амортизациялық құны бойынша ескерілетін «өзге қаржылық міндеттемелер» санаты бойынша көрсетеді.

#### *(iv) Қаржы құралдарын алғашқы тану*

Қаржылық активтер мен міндеттемелер алғашқыда мәміле бойынша шығындарды шегергеннен кейінгі әділ құны бойынша танылады. Алғашқы тану кезінде әділ құнды анықтаудың ең оңтайлы негізі мәміле бағасы болып табылады. Егер мәміле бағасы мен сондай құралдармен басқа қолжетімді ағымдағы нарықтық мәмілелермен салыстыру арқылы немесе тек бар нарықтың мәліметтерін өзгермелі ретінде қолданатын бағалау әдістемесінің көмегімен анықталған әділ құн арасында айырмашылық болса, пайда немесе залал алғашқы тану кезінде мойындалады.

**2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)***(v) Қаржылық активтерді тануды тоқтату*

Компания (а) қаржылық активтер сатылып алынған немесе қаржылық активтері бойынша ақша қаражатының ағымына талап қоюдың келісім-шарт құқықтарының мерзімі аяқталғанда; немесе (б) Компания қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағымын алуға келісім-шарттық құқық бергенде немесе активті табыстау туралды квалификацияланатын келісімді жасағанда, бұнда і); активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың маңызды бөлігін бермейтін жағдайда, немесе іі) және қаржылық активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың маңызды бөлігін өзі бермейтін және сақтамайтын, бірақ осы қаржылық активтерді бақылауды сақтамайтын жағдайда активті беру туралы білікті келісім жасағанда қаржылық активтерді мойындауды тоқтатады. Егер контрагент бұндай активті табыстау процесіне қосымша шектеулер белгілемей, онымен байланысты емес үшінші тарапқа толық көлемде сатып бере алмаса, бақылау сақталған деп есептеледі.

*(vi) Өзара есепке алу*

Қаржылық активтер және міндеттемелер есепке алынады, және қаржылық жағдай туралы есеп беруде көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізудің заңды бекітілген құқығы болған жағдайда ғана, сонымен қатар не өзара есепке алуды жүргізуге, не бір уақытта активті жүзеге асырып, міндеттемелерді реттеуге ниет болғанда ғана оның таза шамасы көрсетледі.

**Жеткізушілерге берілетін аванстар**

Жеткізушілерге аванстар құнсызданудан қорды шегергендегі алғашқы құн бойынша есептілікте көрсетіледі. Аванстар, егер оларға жататын тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан асатын болса, немесе егер аванстар есепте алғашқы мойындауда ұзақ мерзімді деп көрсетілетін активтерге жатса, онда олар ұзақ мерзімді деп жіктеледі. Компания осы активтерді бақылауға алғанда және Компания олармен байланысты келешек экономикалық пайда ала алу ықтималдығы болғанда, активтерді сатып алуға кететін аванстардың сомасы олардың теңгерімдік құнына кіреді. Басқа аванстар оларға жататын тауарлар немесе қызметтерді алғанда есептен шығарылады.

Егер авансқа жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбаса, аванстардың баланастық құны азаяды, және құнсыздануға сәйкес, шығын бір жылдық кіріс және шығын арқылы көрінеді.

**Тауар-материалдық қорлар**

Тауарлық-материалдық қорлар ең аз екі мөлшер арқылы есептеледі: өзіндік құн және сатудың таза бағасы. Қорлардың өзіндік құны «first in first out» («ФИФО») әдісі бойынша анықталады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны шикізаттар мен материалдар құнын, өндірістік жұмыскерлердің еңбекақысын, сонымен қатар өндірістік жүктемесінің сәйкес үлесін қамтиды, және қарыз қаражаттары бойынша шығындарды қамтымайды. Сатудың таза бағасы – бұл өндірістің аяқталуындағы шығындар мен тарату бойынша шығындарды алып тастағандағы қалыпты қызмет үрдісінде мүмкін болатын сатудың есептік бағасы.

**Сауда және өзге дебиторлық берешек**

Сауда және өзге дебиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша, ал одан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

**Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтердің құнсыздануы**

Құнсызданудан шеккен залалдар қаржылық активті бастапқы танығаннан соң орын алатын және жеткілікті сенімділік деңгейінде бағалауға болатын қаржылық активпен немесе қаржылық активтер тобымен байланысты болашақ есеп айырысатын ақша ағындарының шамасы мен мерзіміне әсерін тигізетін бір немесе одан да көп оқиғалар («залал шектіруге алып келетін оқиғалар») нәтижесінде олардың туындау шамасына қарай пайдадан немесе залалдан танылады. Егер Компанияның жеке бағаланған қаржылық активі үшін құнсызданудың объективті дәлелдері болмаса (оның маңыздылығына қарамастан), онда бұл актив осы сияқты кредиттік тәуекел сипаттамалары бар қаржы құралдары тобына енгізіледі және олармен бірге құнсыздану мәніне қарай бағаланады. Қаржылық активтің құнсыздануы туралы мәселені қараған кезде Компания назарға алатын негізгі факторлар оның мәртебесі мерзімінің өтуі мен мұндай жайт орын алған жағдайда қамтамасыз етуді іске асыру мүмкіндігі болып табылады.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Төменде өзге негізгі критерийлер көрсетілген, оның негізінде құнсызданудан болған залалдың объективті белгілерінің болу/болмауы анықталады:

- контрагент айтарлықтай қаржылық қиындықтарды басынан кешіреді, ол Компанияның билігіндегі контрагент туралы қаржылық ақпаратпен расталады;
- контрагент банкроттықты немесе қаржылық қайта құруды жариялау мүмкіндігін қарастырады;
- контрагентке әсерін тигізетін ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгерістерімен байланысты контрагенттің төлем мәртебесінің жағымсыз өзгеруі орын алады; немесе егер мұндай бар болса, қамтамасыз ету құны нарықтағы жағдайдың нашарлауы салдарынан айтарлықтай төмендейді.

Егер амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін құнсызданған қаржылық активтің талаптарын келіссөздер нәтижесінде қайта қаралатын немесе контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты басқаша түрде қандай да бір өзгеріске түсетін болса, құнсыздану талаптарды қайта қарағанға дейін бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып анықталады. Бұдан соң талаптары қайта қаралған қаржылық активті тану тоқтатылады және егер осы активпен байланысты тәуекелдер мен пайдалар айтарлықтай өзгерсе, әділ құн бойынша жаңа актив танылады. Бұл, әдетте, бастапқы және жаңа күтілетін ақша ағындарының келтірілген сомасы арасындағы айтарлықтай айырмашылықты бекітіледі.

Құнсызданудан шеккен залал қашан да активтің баланстық құнын осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған күтілетін ақша ағынының келтірілген құнына сәйкес келетіндей сомада (әлі шекпеген алдағы кредиттік залалды қоспағандағы) резерв құру арқылы танылады. Кепілмен қамтамасыз етілген күтілетін қаржы активінің ақша ағынының келтірілген құнын есептеу кепіл үшін өндіріп алуға жүгіну ықтималдығы деңгейіне қарамастан, алуға және қамтамасыз етуді сатуға жұмсалатын шығындарды шегергенде кепіл үшін өндіріп алуға жүгіну нәтижесінде туындауы мүмкін ақша ағындарынан тұрады.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болатын залал сомасы азаятын болса және бұл азаю құнсыздануды танығаннан кейін орын алатын оқиғаға объективті түрде жатқызылуы мүмкін болса (мысалы, дебитордың кредиттік рейтингінің артуы), құнсызданудан болған бұрын көрсетілген залал жыл ішіндегі пайда мен залал арқылы құрылған резервті түзету арқылы қалпына келтіріледі.

Сату мүмкін болмайтын және оған қатысты барлық қажетті рәсімдер аяқталған және түпкілікті залал сомасы анықталған активтер толығымен немесе ішінара өтеу мақсатында құнсыздану салдарынан қалыптасқан резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды кейіннен қалпына келтіру жыл ішіндегі пайда мен залалдың құрамындағы залалдар есебіне есептеледі.

Өнім берушілерге берілетін аванстар есептілікте құнсыздану салдарынан болған резервті шегергендегі бастапқы құн бойынша есептіліктен көрінеді. Оларға қатысты тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан асса немесе егер аванстар есепте бастапқы таныған кезде ұзақ мерзімді болып көрсетілетін активтерге жататын болса, аванстар ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Активтерді сатып алу үшін берілетін аванс сомасы Компания осы активтерге бақылау жасауды қолға алған және Компанияның болашақта олардан экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайда олардың баланстық құнына қосылады. Басқа аванстар оларға қатысты тауарларды немесе қызметтерді алған кезде есептен шығарылады. Егер аванстарға қатысты активтердің, тауарлардың немесе қызметтердің алынбайтынының бір белгісі болса, онда аванстардың баланстық құны азайтуға жатады, құнсызданудан болған тиісті залал жыл ішіндегі пайда мен залалдан көрінеді. Салықтар бойынша алдын ала төлем құнсыздану аясындағы резервті шегергендегі нақты төленген сомалардан көрінеді.

### ***Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері***

Ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне кассадағы ақша қаражаты және ағымдағы банк есеп шотындағы қаражаттар кіреді. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып, есептелген амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Қолданылуы шектелген ақша қаражатының қалдықтары ақша қаражатының қозғалысы туралы есептілікті құрастыру мақсатында ақша қаражаты мен олардың баламаларының құрамынан шығарылып тасталады. Айырбас операцияларына немесе есеп беру кезеңінен кейін ең аз дегенде он екі ай бойы міндеттемелерді жабу үшін қолдануға шектеу қойылған ақша қаражаты басқа ұзақ мерзімді активтер құрамына енгізіледі; есеп беру кезеңінен кейін үш айдан көп, бірақ он екі айдан аз уақыт ішінде шектелген ақша қаражаты басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

### ***Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер***

Ұзақ мерзімді активтер мен істен шыққан топтар (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтері болуы мүмкін), егер есеп беру кезеңінен кейін 12 ай ішінде сатудың арқасында олардың теңгерімдік құнының орны жабылса, онда қаржылық жағдай туралы есеп беруде «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шыққан топтар» деп көрсетіледі. Активтердің жіктелуі төменде көрсетілген барлық шарттар болған жағдайда өзгереді: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайларында жылдам сатылуға дайын; (б) Компания басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша әрекет ететін бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісіп кетті; (в) активтердің ағымдағы әділ құнымен салыстырғанда дәйекті болып табылатын баға бойынша сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сатылым бір жыл ішінде жүзеге асырылады деп күтіледі және (д) сату жоспарында немесе оны жоюға едәуір өзгерістер күтілмейді.

Ағымдағы есеп беру кезеңінде қаржылық жағдай туралы есеп беруде сатуға арналған деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен істен шығару топтары басқа санатқа ауыстырылмайды және ағымдағы есеп беру кезеңінің соңына жіктелімімен сәйкестендіру үшін қаржылық жағдай туралы есептіліктің салыстырмалы мәліметтерін ұсыну түрін өзгерпейді.

### ***Акционерлік капитал***

Қарапайым акциялар капитал сияқты жіктеледі. Жаңа акция шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар түсімдер сомасынан салықты алып тастағандағы шегерім ретінде капитал құрамынан көрінеді. Компанияның Директорлар Кеңесінің шешімімен акцияны әр жеке шығарғанда әр акцияның құны, сонымен қатар заңға сәйкес акция саны да анықталады.

### ***Заемдар***

Заемдар алғашқыда мәміле бойынша шығындарды шегергендегі әділ құн бойынша көрсетіледі, және одан кейін амортизациялық құн бойынша көрсетіледі; алынған қаражаттар сомасы (мәміле бойынша шығындарды шегергендегі) мен өтеу құны арасындағы айырмашылық пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолданып, кезең бойы кіріс және залалға мойындалады.

Нарықтық емес жағдайда акционерлерден алынған заемды ескергенде, Компания бір жылдық кіріс және залалды алғашқы мойындаудан түсетін табысты табыс деп немесе тікелей капиталдағы капиталға салым деп көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есеп тәртібі барлық ұқсас операцияларға тізбекті қолданылады және қаржылық есептілікте ашылады.

Мақсаты бойынша пайдалануға немесе сату үшін едәуір уақытты қажет ететін, сатып алуға, активтер құрылысына немесе өндірісіне тікелей қатысты заемдар бойынша шығындар (әрі қарай «белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер») капиталдандырылады. Заемдар бойынша басқа шығындар пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы шығындар құрамында мойындалады. Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша капиталды шығындар шығармаса, болдырмауға мүмкіндік болатындай заемдар бойынша шығындарды капиталдайды. Капиталдаудың бастапқы күні төмендегі жағдайларда басталады: (а) Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша шығындарды өзі алады; (б) несиелер бойынша шығындарды алады; және (в) активті оның мақсатты қолданылуына немесе сатылуына дайындауға қажетті іс-шараларды жүргізеді. Белгілі бір талаптарға жауап беретін активтерді оның мақсатты қолданылуына немесе сатылуына дайындауға қажетті барлық іс-шаралар аяқталғанда капиталдандыру тоқтатылады.

Компанияда есеп беру кезінен кейін міндеттемелер бойынша есептесу мерзімін он екі айдан кем емес мерзімге ауыстыруға сөзсіз құқық болмағанда, заемдар қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

### ***Кредиторлық берешек***

Кредиторлық берешек контрагенттің өзінің келісім-шарт міндеттемелерін орындау фактісі бойынша аударылады. Кредиторлық берешек алғашқыда әділ құн бойынша көрінеді, одан кейін пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолданып, амортизациялық құн бойынша ескеріледі.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

### ***Еңбек ақы шығындары және онымен байланысты аударымдар***

Еңбек ақы шығындары, зейнет ақы аударымдары, әлеуметтік сақтандыру қорына салымдар, жыл сайынғы төленетін демалыс және сырқаттану төлемдері, сыйақылар мен сенімсіз жеңілдіктер Компанияның қызметкерлерінің жұмыстарын сәйкесінше орындағандарына қарай аударылады.

Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес, Компания өз жұмыскерлерінің атынан осындай зейнетақы және демалыстық жәрдемақы ұстап қалады. Жұмысшылар зейнеткерлікке шыққанда Компанияның қаржылық міндеттемелері тоқтайды, және барлық төлемдер мемлекеттік және жеке меншік жинақтаушы зейнетақы қорларымен жүргізіледі.

### ***Табыс салығы***

Осы жеке қаржылық есептілікте табыс салығы есеп беру кезеңінде қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында күшіне енген Қазақстан Республикасының заңына сәйкес көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар кіреді және егер олар басқа жиынтық табыстар құрамында немесе, осы немесе басқа кезеңде басқа жиынтық табыс құрамында немесе, тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатқызыландықтан капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса, бір жылдық кіріс немесе залалда көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы немесе өткен кезең үшін салынатын кіріс немесе залалға қатысты мемлекеттік бюджеттен төлеу немесе орнын толтыру үшін топшыланған соманы көрсетеді. Салық салынатын кіріс немесе залалдар, егер сәйкес салық декларацияларын беруге дейін қаржылық есептілік бекітілсе, бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығынан басқа салықтан, операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

### ***Қаржылық кепілдер***

Қаржылық кепілдер – компаниядан егер тиісті дебитор қарыз құрлының шарттары бойынша уақытылы төлемді жүргізбесе, кепілді ұстаушыға залалдарды өтеу бойынша нақты төлемдерді жүзеге асыруын талап ететін кері қайтарылмайтын шарттар. Бастапқыда қаржылық кепілдер әдетте алынған комиссияның сомасына тең болатын әділ баға бойынша көрсетіледі. Аталған сома кепілдің әрекет ету мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Кепілдер әрбір есептік кезеңге екі соманың ең үлкені бойынша бағаланады: (i) алғашқы тану кезінде көрсетілген амортизацияланбаған соманың; және (ii) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындар сомасын озық бухгалтерлік бағалау.

### ***Акционермен жүргізілетін операциялар***

Акционердің өкімі бойынша шығындарды есептеу немесе активтерді бөлу, негізгі құралдардың объектілерін, бизнесті біріктіруді, басқа кәсіпорынға немесе істен шығу тобына қатысу үлесін, ақша қаражатын және басқаларды қоса алғанда, «Акционерге өзге бөлулер» ретіндегі бөлінбеген пайда болып танылады.

## **3 Жаңа есептік ережелер**

### ***Жаңа және қайта қаралған Қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарын (ХҚЕС) қолдану***

Төменде көрсетілген стандарттардың өзгерістер Компания үшін 2017ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енді, бірақ Компанияға тигізген әсері маңызды болған жоқ.

- ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары» (2014 жылғы қаңтарда шығарылды және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Бірлескен операцияларда қатысу үлестерін сатып алу жөніндегі мәмілелерді есепке алу» - ХҚЕС (IFRS) 11 түзетулері (2014 жылғы 6 мамырда күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді есептеудің қолайлы әдістерін түсіндіру» - ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 түзетулері (2014 жылғы 12 мамырда күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Ауыл шаруашылығы: ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 түзетулері – «Ауыл шаруашылығы: Жеміс беретін өсімдіктер» (2014 жылғы 30 маусымда күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).



### **3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)**

- Қаржылық есептілік халықаралық стандарттарының жыл сайынғы жетілдірулері, 2014 жыл (2014 жылғы 25 қыркүйекте күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Ақпаратты ашу» - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері жыл (2014 жылғы желтоқсанда күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

#### *Жаңа стандарттар және түсіндірулер*

Бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірулер жарияланды, олар Компанияның 2018 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе Компания мерзімнен бұрын қабылдамаған осы күннен кейін міндетті болып табылады:

***ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар: Жіктеу және бағалау» (2014 жылғы шілдеде енгізілген өзгерістермен шыққан, 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).*** Жаңа стандарттың негізгі ерекшелігі төмендегілер болып табылады:

- Қаржылық активтер бағалаудың үш санаты бойынша жіктелуі тиіс: амортизациялық құн бойынша соңынан бағаланатын; өзгерісі басқа жиынтық табыс құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша соңынан бағаланатын; өзгерісі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша соңынан бағаланатын.
- Несиелік құралдардың жіктелуі қаржылық активтерді басқару бойынша кәсіпорынның бизнес-үлгісіне және шартта көрсетілген ақша қаражатының ағымдары тек негізгі қарыз бен пайыз есебіне төлемдер болып табыла ма, жоқ па, соған байланысты. Егер несиелік құрал ақша алуға арналған болса, егер ол да негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдерді ғана қарастыратын болса, ол амортизациялық құны бойынша ескеріле алады. Тек негізгі қарыз бен пайыз есебіне төлемдерді қарастыратын және қоржында ұстап тұратын несиелік құралдар, егер кәсіпорын оларды активтер бойынша ақша ағымдарын алу үшін ұстап қалса, және активтерді сатса, басқа жиынтық табыс құрамында артынша әділ құн бойынша бағаланатындай жіктелуі мүмкін.
- Құрамында ақша ағымы жоқ, тек негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдер болып табылатын қаржылық активтер әділ құн бойынша бағалануы қажет, бұл өзгерістер пайда немесе залал құрамында көрінеді (мысалы, ерікті қаржылық құралдар). Кіріктірме ерікті құралдар қаржылық активтерден бөлінбейді, бірақ негізгі несиелер мен пайыздар есебіне төлемдерге ғана қарастырылатын шарттарды бағалауда ескеріледі.
- Үлестік құралдарға салынған инвестициялар әрқашан әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Сондай-ақ басшылық, егер құрал саудаға арналмаған болса, басқа жиынтық табыс құрамындағы әділ құнның өзгеруінің көрінісі туралы өзгеріске жатпайтын шешім қабылдай алады. Егер үлестік құрал саудаға арналса, онда әділ құнның өзгерісі кіріс және залал құрамында көрсетіледі.
- ХҚЕС (IAS) 39 қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауға қатысты талаптарының көпшілігі ХҚЕС (IAS) 9-ға өзгеріссіз ауыстырылды. Негізгі айырмашылық болып кәсіпорынға басқа табыстар құрамындағы

### **3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)**

кіріс және залал құрамында әділ құн бойынша көрсетілетін санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер бойынша өз несиелік тәуекелінің салдарының өзгерісін ашу бойынша қойылған талап табылады.

- ХҚЕС (IFRS) 9 құнсызданудан болған залалды мойындаудың жаңа үлгісін енгізеді: болжалды несиелік залалдардың моделі. Алғашқы мойындау сәтінен бастап қаржылық активтердің кредиттік сапасының өзгерісіне негізделген «үшкезеңді» тәсіл бар. Іс жүзінде жаңа ережелер кәсіпорынның қаржылық активтерді алғашқы мойындауда құнсызданудан несиелік залал болып табылмайтын, 12 айлық күтілетін несиелік залалдар сомасындағы (немесе саудалық дебиторлық берешек үшін қаржылық құралдың барлық мерзімдеріндегі күтілетін несиелік залалдар сомасында) залалдарды бірден мойындауы тиіс екендігін көрсетеді. Егер несиелік тәуекел едәуір жоғарыласа, онда құнсыздану 12 айға күтілетін несиелік залалға емес, қаржылық құралдардың күтілетін несиелік залалдарына байланысты бағаланады. Үлгі саудалық дебиторлық берешектерді және қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешектерді операциялық оңайлатуды қарастырады.
- Хеджирлеуді есепке алуға қойылатын талаптар тәуекелдерді басқаруды есепке алумен көбірек сәйкестендіру үшін түзетілді. Қазіргі уақытта стандарт макрохеджирлеу жағдайлары үшін есепке алуды қарастырмайтын болғандықтан, стандарт кәсіпорындарға хеджирлеу талаптарын қолдайтын есеп саясаты мен хеджирлеудің барлық құралдарына ХҚЕС (IFRS) 9-дың құрамында бар хеджирлеуді есепке алудың талаптарын қолдану және ХҚЕС (IFRS) 39-ды қолдануды жалғастырудың арасында таңдау мүмкіндігін береді.

Жаңа стандартқа ауысқан кезде Компания шеттегі консультациялық ұйымдарды тартқан жоқ. Қазіргі уақытта Компания Самұрық-Қазына қоры (Акционер) қалыптастырған жұмыс тобы аясында аталған стандартты ендіру бойынша шараларды өткізуде.

Шаралардың нәтижелері бойынша Компания ауысудың ретроспективтік әдісін анықтады. Сондай-ақ Компания қаржылық құралдардың жіктелуіне талдау жүргізді, оған сәйкес Компанияның қаржылық активтері мен міндеттерін жіктеу өзгеріссіз қалады. Қаржылық құралдарды есепке алу амортизацияланған құн бойынша жүргізіледі.

Аталған қаржылық есептілік шығару күнгі жағдай бойынша Компания 2018 жылғы 1 қаңтарда күшіне енетін өзгерістерге сәйкес «Қаржылық құралдар: Жіктеу және бағалау» ХҚЕС 9 жаңа стандартқа ауысудан болатын жолжалдық әсерін негізделген түрде бағалауы мүмкін.

***ХҚЕС (IFRS) 15 «Тұтынушылармен келісім-шарт бойынша түсім» (2014ж. 28 мамырында шыққан және 2018ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді).*** Жаңа стандарт тауарлар мен қызметтер мәміле бағасы бойынша тұтынушыға берілгенде, түсетін түсімге сәйкес кілтті қағидатты енгізеді. Тауарлар мен қызметтердің кез келген шоғырландырылған партиялары шоғырландырылған мойындалуы керек, ал келісімді бағадан барлық шегерімдер мен ретрокепелешекті шегерімдер, ереже бойынша, шоғырландырылған элементтерге таратылады. Егер сыйақы көлемі қандай да бір себептермен өзгерсе, минималды сомаларды, егер олар қайта қараудың елеулі тәуекеліне тартылмаса, мойындауға болады. Тұтынушымен жасалған келісімшартқа байланысты шығындар келісімшарттан пайда алатын мерзім ішінде капиталдануы және амортизациялануы тиіс. Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт қаржылық есептілікке қалай әсер ететіне бағалау жүргізеді.

***ХҚЕС (IFRS) 15 «Тұтынушылармен келісім-шарт бойынша түсім» (2014ж. 28 мамырында шыққан және 2018ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді) - түзетулер.*** Түзетулер стандарттың негізін қалаушы қағидаттардың өзгеруіне әкеп соқпайды, бірақ осы қағидаттар қалай қолданылатынын түсіндіреді. Түзетулерде шартта орындауға арналған міндетті қалай анықтау керек (сатып алушыға тауарды немесе қызметті табыстау уәдесі); компания принципіал (тауарды немесе қызметті жеткізуші) немесе агент (тауарды немесе қызметті жеткізуді ұйымдастыруға жауапты) болып табылатынын қалай белгілеу, сондай-ақ берілетін лицензиядан түсетін табысты белгіленген сәтте немесе кезең ішінде тану қажеттігін қалай анықтау қажет екені түсіндіріледі. Түсіндірулерге қосымша ретінде түзетулер талаптарды орындаудан екі қосымша босатуды қамтиды, бұл жаңа стандартты алғаш рет қолданатын компанияға шығындарды және есепке алудың қиындық деңгейін азайтуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт қаржылық есептілікке қалай әсер ететініне бағалау жүргізеді.

***«Жалға алу» ХҚЕС (IFRS) 16 (2017ж. қаңтарда шыққан және 2019 ж. 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).*** Жаңа стандарт жалға алу операцияға қатысты есептіліктегі ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын анықтайды. Жалға алудың барлық шарттары жалға алушының жалға алу шарт күшіне енген сәттен бастап активті пайдалану құқығын алуға, сондай-ақ жалға алу төлемдері уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылса қаржыландыруды алуға әкеп соғады. Осыған байланысты, ХҚЕС (IFRS) 16 бұл, ХҚЕС (IFRS) 17-де операциялық және қаржылық сияқты қарастырылатын жалға алу жіткемесін жояды және оның орнына жалға алушыларға жалға алу операцияларын есепке алудың бірыңғай моделін ендіреді. Жалға алушылар мыналарды тануы тиіс: (а) объектіні жалға алу құны маңызды болмаған жағдайларды қоспағанда қолданылу мерзімі 12 айдан

### **3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)**

асатын барлық жалдау шарттарына қатысты активтер мен міндеттер; және (б) табыстар мен шығындар туралы есепте жалдау міндеттемелері бойынша проценттен бөлек жалға алу объектілерінің амортизациясы.

Шындығында ХҚЕС (IFRS) 16 жалға берушіде жалға алуды есепке алуға қатысты ХҚЕС (IFRS) 17 қарастырылған есепке алу талаптарын сақтайды. Осылайша, Жалға беруші жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық ретінде жіктеуді, тиісінше оларды есептілікте әртүрлі көрсетуді жалғастырады. Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт қаржылық есептілікке қалай әсер ететіне бағалау жүргізеді.

**«Ақпаратты ашу саласындағы бастама» - ХҚЕС (IAS) 7-ге түзетулер (2016ж. 29 қаңтарда шығарылған және 2017ж. 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** ХҚЕС (IAS) 7-ге енгізілген түзетулер қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт қаржылық есептілікке қалай әсер ететіне бағалау жүргізеді.

Стандарттар мен түсіндірулер күшіне енгеннен кейін Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейтіні болжанады.

- «Инвестордың қауымдасқан ұйымды немесе бірлескен кәсіпорынды сатуы немесе оларға активтерді қосуы» - ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер (2014 жылғы 11 қыркүйекте күшіне енді және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты жөніндегі кеңес белгілеген күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Сатылмаған залалдар бойынша кейінге қалдырылған салық активтерін тану» - ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер (2016 жылғы 19 қаңтарда күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Акцияларға негізделген төлем» - ХҚЕС (IFRS) 2-ге түзетулер (2016 жылғы 20 маусымда күшіне енді және 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшін енеді).
- «Қаржылық құралдар» ХҚЕС (IFRS) 9 және «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 4 қолдану - ХҚЕС (IFRS) 4-ке түзетулер (2016 жылғы 20 маусымда күшіне енді және таңдаған тәсілге тәуелді күшіне енеді: 2018 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін – уақытша істен шығуды таңдаған ұйымдар үшін, және ұйым ХҚЕС (IFRS) 9-ді алғашқы рет қолдана бастаған жылдық кезең үшін - салық салу тәсілін таңдаған ұйымдар үшін).
- Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 2014-2016жж. (2017 жығы 8 желтоқсанда шыққан және ХҚЕС (IFRS) 12-нің түзетулерін қолдану бөлігінде - 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін, ХҚЕС(IFRS) 1 мен ХҚЕС(IA) 28-дің түзетулерін қолдану бөлігінде - 2018 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 – Шетел валютасындағы операциялар және өтеуді алдын ала төлеу (2016 жылғы 8 желтоқсанда күшіне енді және 2018 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құрамына немесе оның құрамынан аударымдар – ХҚЕС (IAS) 40-ге түзетулер (2016 жылғы 8 желтоқсанда күшіне енді және 2018 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, стандарттар мен түсіндірулер күшіне енгеннен кейін Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейтіні болжанады.

### **4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар**

Компания бағаларды қоданады және келесі қаржылық жыл ішіндегі есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттеріне әсер ететін жорамалдар жасайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың өткен тәжірибесі мен басқа факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген болып табылады деп саналатын болашақ жағдайларға қатысты болжамдарға негізделеді. Басшылық бағалауды талап етпейтіндерді қоспағанда кейбір пайымдауларды есептік саясатты қолдану барысында пайдаланады. Қаржылық есептілікті көрсетілген көрсеткіштерге едәуір маңызды әсер ететін пайымдаулар және келесі жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын едәуір өзгерту қажеттігіне әкеп соқтыруы мүмкін бағалар мыналарды қамтиды:

#### **4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

##### **Үздіксіз қызмет ету қағидаты**

Басшылық осы жеке қаржылық есептілікті үздіксіз қызмет принципі негізінде дайындады. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеті, операциялардың табыстылығы мен қаржылық ресурстардың қолжетімділігіне және Үкіметтің қолдауына негізделеді. Компанияның көз жетерлік келешекте өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалаған кезде төмендегі факторлар қарастырылды:

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның қысқа мерзімді активтері оның қысқа мерзімді міндеттемелерінен 15,290,968 мың теңгеге артты.
- Компанияның Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық мәні бар. Компания басшылығы мен акционерлерінің Компанияның қызметін жоюға ешқандай ниеттері де, қажеттіліктері де жоқ.
- Компания басшылығы осы Ескертпеде кейіннен сипатталған БЖЭС акцияларын сатуға арналған Опционмен байланысты мәселе Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне әсерін тигізбейді деп санайды. Басшылық тіпті қолайсыз сценарий жағдайында да мәселені шешу ұзақ уақытты талап етеді, тек содан кейін заңды процесс толығымен аяқталады деп санайды.

##### **Қаржылық емес активтерді құнсыздандыру**

Әрбір есептік кезеңінің соңында Басшылық бөлек активтердің немесе активтер тобының құнсыздану белгілерінің, және гудвилдан бөлек активтер немесе активтер тобы үшін алдағы кезеңдерде танылған құнсыздандудан болған шығынның жойылу немесе азаю белгілерінің болуын бағалайды. Мұндай кез келген белгілер болған жағдайда басшылық сатуға арналған шығындар мен пайдалану құндылығын есептемегендегі әділ құнының ең үлкен мөлшері ретінде анықталатын активтің өтелетін құнын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайда негізделген болып саналатын бағалау деректерін және басшылық тарапынан кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметті тоқтатуын, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерін және пайдаланудың басқа да өзгерістерін анықтаудың пайымдаулары мен бағаларын пайдалануды талап етеді.

ХКЕС (IAS) 36-ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі Компания өз қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, эконмикалық немесе заңдық жағдайларда немесе актив бағытталған нарықта кезең ішінде болған немесе жақын келешекте болжанатын Компания үшін теріс салдарларды көрсеткен маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалаған кезде Компания бағаларды қолданады және пайымдаулар жасайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың өткен тәжірибесі мен басқа факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген болып табылады деп саналатын болашақ жағдайларға қатысты болжамдарға негізделеді. Басшылық бағалауды талап етпейтіндерді қоспағанда кейбір пайымдауларды есептік саясатты қолдану барысында пайдаланады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, басшылық «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕГРЭС-1») және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі – «ЕМАЭС -2 станциясы») қаржылық емес активтерінің құнсыздану индикаторларын анықтады.

##### **ГРЭС-1**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның еншілес кәсіпорын – ЕГРЭС-1-ге салған инвестициясының баланстық құны 338,272,063 мың теңгені құрады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша, басшылық жақын арада болған тарифтерді реттейтін заңнамалардағы өзгерістер мен 2017 жыл бойында орташа өлшемді тарифтің деңгейін төмендетуге алып келетін неғұрлым бәсекелес тарифтік саясатты жүргізу ЕГРЭС-1 қаржылық емес активтерінің, тиісінше Компанияның ЕГРЭС-1-ге салған инвестициясының құнсыздану ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

Басшылық бұл басқа активтер өндіретін ақша ағындарына айтарлықтай деңгейде тәуелсіз және ЕГРЭС-1 активтердің құнын өтеуге бақылау жүргізетін неғұрлым төмен деңгейге жататын неғұрлым аз сәйкестендіруге болатын активтер тобы болғандықтан, барлық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді бірыңғай ақша қаражатын өндіретін бірлікке жатқызады. Басшылық Топтың бағалаушы дисконтталған болашақ ақша ағынын пайдаланудан алуды болжайтын сома ретінде белгіленген құндылықтарды пайдалануы негізінде негізгі құралдардың өтелетін сомасын бағалайды.

**4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

ЕГРЭС-1 «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС 36-ға сәйкес өткізілген құнсыздануға тест жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты. Тәуелсіз сарапшы активтерді, дисконт мөлшерлемесін және басқа көрсеткіштерді пайдаланудан алу болжанатын болашақ түсімдер мен ақша қаражатының ағынын бағалауға сүйене отырып, ЕГРЭС-1-дің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын бағалады.

Өтелетін қаржылық емес активтердің құнына қатысты негізгі болжамдар төменде келтірілді:

*Электр энергиясына белгіленген тарифтер*

Шекті тарифті ҚР Үкіметі электр станцияларының түрлері, белгіленген қуаттары, пайдаланатын отыны, отын алатын орынның алыс-жақындығына қарай құралатын энергия өндіруші ұйымдар тобы бойынша әр жылға бөліп, 3 жыл мерзімге бекітеді және ол жыл сайын саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттігі ескеріле отырып түзетіледі. Электр энергиясын өндіруге белгіленген шекті тарифтер 2019 жылға дейін бекітілген.

2019 жылдан басталатын кезеңде түсімді болжауда энергия өндіруші ұйымдар үшін тариф белгілеу құрылымын өзгертетін қуат нарығын өндірудің әсері белгіленді. Электр энергиясын тұтынушыларға арналған шекті тарифті есептеу үшін Энергетика министрлігінің 2017 жылғы 28 қарашадағы №413 «Электр энергиясына шекті тарифті бекіткен кезде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгеруші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіткен кезде ескерілетін теңгерім үшін тіркелген пайданы анықта әдістемесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген шекті тарифті есептеу әдістемесі пайдаланылды.

Тарифтер	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2024	2026
Экспорт – Ресей	теңге/кВтч	5.41	5.44	5.47	5.64	5.79	5.94	6.05	6.16	6.29
Қазақстан	теңге/кВтч	6.86	5.87	6.29	6.59	6.88	7.16	7.43	7.68	7.93
Қуат тарифі	мың теңге/кВтч	-	0.70	0.75	0.79	0.82	0.85	0.89	0.92	0.95

Энергия өндіруші ұйым электр энергиясын босату бағасын өз бетінше белгілейді, бірақ ол тиісті энергия өндіруші ұйымдар тобының шекті тарифінен аспайды. Электр энергиясын өндіру саласындағы бағалар экспортқа сату жағдайларын қоспағанда, шекті, есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтер бойынша сұраныс пен ұсынысқа байланысты бәсекелес жағдайларда қалыптастырылды.

Қуатты сату тарифін есептеу үшін Қазақстанда ҚР Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы №414 «ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 шілдедегі №465 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген энергия өндіруші компаниялардың шекті тарифтер деңгейінде қабылданған тарифтер қолданылды.

Электр энергиясына белгіленген тарифтер бойынша көрсеткіштерді 10%-ға азайтқан жағдайда негізгі құралдардың өтелетін құны олардың баланстық құнынан 62,408,450 мың теңгеге азаяды. Аталған азаю Компанияның ЕГРЭС-1-ге салған инвестициясының құнсыздануынан залал шегуге алып келмейді.

*Өндіріс көлемі және электр энергиясын сату*

2018-2022 жж. электр энергиясын сату көлемін болжау ЕГРЭС-1-дің даму жоспарына негізделді. 2023 жылғы сату көлемі 2022 жылғы сату көлемі деңгейінде болжанды. 2024-2026 жж. сату көлемі ҚР Энергетика министрлігінің Қазақстанның Бірыңғай Энергетикалық Жүйесінің 2019-2024 жылдарға арналған кезеңдегі қуатының балансын болжауына негізделді. Өндіру және сату көлемі тау-металлургия саласындағы жаңа өндірістік қуаттарды салуды 2021 жылға дейін жоспарлы аяқтау мен болашақта электр энергиясын тұтынудың өсуін ескере отырып болжанды.

Сату көлемі	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2024	2026
Экспорт - Ресей	мың МВтс	6,100	6,100	4,100	2,414	1,115	1,115	1,115	3,653	3,353
Қазақстан	мың МВтс	9,570	14,793	17,381	18,589	19,003	21,185	21,481	21,778	22,078
Қуат	МВт	-	30,000	30,000	30,000	30,000	30,000	30,419	36,776	37,282

Электр энергиясын сату көлемін 10%-ға азайту ЕГРЭС-1 негізгі құралдарының 56,423,280 мың теңге мөлшерінде құнсыздануына алып келеді, алайда Компанияның ЕГРЭС-1-ге салған инвестициясының құнсыздануына алып келмейді.

**4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

*Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшемді құнының (WACC) есебіне негізделген, ол 11.2 %-ға тең болып қабылданады.*

Дисконттау мөлшерлемесі ЕГРЭС-1-ге тиесілі тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып есептелді және салаға арналған капиталдың орташа өлшемді құны негізінде бағаланды. Болашақта салаға төн өзгеріп отыратын тәуекелдерді және капиталдың орташа өлшемді құнының өзгерістерін көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің әрі қарайғы өзгерістері қажет болады. Дисконттау мөлшерлемесін 2%-ға өсіру ЕГРЭС-1-дің негізгі құралдарының құнсыздануы салдарынан 19,059 мың теңге мөлшерінде залал шегуге алып келеді, алайда ол Компанияның ЕГРЭС-1-ге салған инвестициясының құнсыздануы салдарынан залал шегуге алып келмейді.

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, олардың теңгерімді құны 503,019,840 мың теңге болған кезде негізгі құралдардың өтелетін құны 603,073,884 мың теңгені құрады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕГРЭС-1-дің таза активтері Компанияның жеке қаржылық есептілігіне салынған тиісті инвестицияның баланстық құны айтарлықтай артқанын ескере отырып, Компания басшылығы ЕГРЭС-1-ге салынған инвестицияның құнсызданбағаны туралы тұжырым жасады.

*ЕМАЭС-2-ге салынған инвестициялар*

6-ескертпеде көрсетілгендей, Компанияның ЕМАЭС-2 бірлескен кәсіпорнына салған инвестициясы бар. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, аталған инвестицияның теңгерімдік 8,725,133 мың теңгені құрады.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, № 3 энергия блогын салуды аяқтаумен байланысты да, сондай-ақ № 3 энергия блогы өндіретін электр энергиясын әрі қарай сатумен байланысты да анықтықтың болмауы ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдарының барынша құнсызданғанын, тиісінше Компанияның ЕМАЭС-2-ге салған инвестициясының құнсыздануы мүмкін екендігін көрсетті.

ЕМАЭС-2 басшылығы барлық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді бірыңғай ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлікке жатқызады, өйткені басқа активтер қозғалысқа келтіретін ақша ағынына тәуелсіз айтарлықтай дәрежеде ақша қаражатының ағынын қозғалысқа келтіретін ең аз сәйкестендірілетін активтер тобы және ЕМАЭС-2 активтердің құнының өтелуіне бақылау жасайтын ең төменгі деңгейі.

ЕМАЭС-2 «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС 36-ға сәйкес өткізілген құнсыздануға қатысты тест өткізуге тәуелсіз сарапшыларды тартты. Тәуелсіз сарапшы ЕГРЭС-2-нің негізгі қаражаттары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын активтерді пайдаланудан, дисконт мөлшерлемесінен және басқа көрсеткіштерден түсетін болжанған алдағы түсімдер мен ақша қаражатының ағынына сүйене отырып, бағалады.

Өтелетін құн пайдалану құндылығы негізінде анықталды. Аталған есептерде басшылық бекіткен 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі 5 жылдық кезеңге арналған жаңартылған қаржылық бюджет негізінде өзінше ақша қаражаты қозғалысының болжамдары пайдаланылды.

Құнсыздануды анықтауға арналған тест нәтижесінде ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдары 11,687,420 мың теңге сомасына құнсызданды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕГРЭС-2-дің таза активтері Компанияның жеке қаржылық есептілігіне салынған тиісті инвестицияның баланстық құны айтарлықтай артқанын ескере отырып, Компания басшылығы ЕМАЭС-2-ге салынған инвестицияның құнсызданбағаны туралы тұжырым жасады.

**4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Қаржылық емес активтердің өтелетін құнына қатысты негізгі болжамдар төменде келтірілген:

*Электр энергиясына белгіленген тарифтер*

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін ЕМАЭС-2 -2 басшылығы электр энергиясына мынадай тарифтерді қолданды:

- 2017 жылы тариф 1 кВтс.-қа 6,6 теңгені құрады, бұл ЕГРЭС-2-де қолдануға болатын электр энергиясын сатуға белгіленген нақты тарифті білдіреді және Энергетика министрлігі 2016-2018 жылдарға 1 кВт.сағ. үшін 8,8 теңге мөлшерінде бекітіп, белгілеген шекті тарифінен аспайды.
- Кейінгі кезеңдерге арналған болжамды орташа өлшемді тарифтер мынадай:

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Электр энергиясына белгіленген тариф (1 кВт.с. үшін теңге)	6,63	5,77	6,18	6,48	6,77	7,04	7,30	7,55	7,80
Қуатқа белгіленген тариф (мың теңге) (Айына 1 кВт. үшін мың теңге үшін)	–	0,7	0,75	0,79	0,82	0,85	0,89	7,67	7,79

Тариф болжамы басшылықтың 2020 жылы күтіліп отырған №3 энергия блогын салу жобасын жаңартуға байланысты болжалы негізінде жасалды. 2025 жылы тарифтің айтарлықтай өсуі күтіліп отырған № 3 энергия блогын іске қосуға және Қазақстан Республикасындағы электр қуаты нарығының жұмысына енгізуге қатысты тариф белгілеу құрылымының өзгеруіне байланысты. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ЕМАЭС -2 электр қуатын сату үшін жеке тариф белгілеу мүмкіндігіне ие. Жеке тарифті белгілеу қуаты 630 МВт №3 энергия блогын салуды аяқтаған кезде және уәкілетті органмен инвестициялық келісімді жасағаннан кейін ғана мүмкін болады. ГРЭС-2-нің операциялық шығыстарын есепке алмағанда жеке тарифті есептеу №3 энергия блогын салуды аяқтау үшін жұмсалған шығындарды жабу үшін инвестициялық құрамдасымен байланысты шығындарды жабуға арналған қажетті шаманы ескереді.

Электр энергиясына тарифтер бойынша жоғарыда аталған көрсеткіштерді 10%-ға азайтқан жағдайда негізгі құралдардың өтелетін құны олардың теңгерімдік құнына қарағанда 34,821,849 мың теңгеге аз болады. Сәйкесінше, ЕМАЭС -2-дегі Компанияның инвестициясының құны оның теңгерімдік құнынан 3,905,343 мың теңгеге аз болады.

*Электр энергиясын өндіру және сату көлемі*

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін №3 энергия блогының электр энергиясын өндіру/сату бойынша болжамдық көлемі мен құрылысты аяқтау үшін қажетті тиісті инвестициялар ескерілді. Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін мынадай электр энергиясын сату көлемі қолданылды:

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Электр энергиясын өндіру көлемі (миллион кВт.с)	5.100	5.801	6.001	6.101	6.101	6.101	6.101	6.185	6.270



#### **4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Басшылық болжамдық кезең бойында өндіру мен сату көлемі №3 энергия блогын пайдалануға бергенге дейін тұрақты болады деп болжайды. №3 энергия блогын іске қосқаннан кейін электр энергиясының көлемі айтарлықтай ұлғаяды, бірақ электр энергиясын өндіру көлемі үш блоктың арасында бөлінеді деп болжануда. ЕМАЭС -2 басшылық болжамды кезең ішінде электр энергиясын сату көлемі артады деп күткенімен, электр энергиясын сату көлемін 10% мөлшерде рұқсат етілетін шекте азайту негізгі құралдардың 28,985,624 мың теңге сомада құнсыздануына және сәйкесінше Компанияның ЕМАЭС -2-ге 953,321 мың теңге сомада салған инвестициясының құнсыздануына алып келеді.

*Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшемді құнының (WACC) есебіне негізделген және 13.24%-ға тең болып қабылданады.*

Мөлшерлеме ЕМАЭС -2-ге тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып, есептелді, ол салаға арналған капиталдың орташа өлшемді құнының негізінде бағаланды. Болашақта салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелдерді және капиталдың орташа өлшемді құнындағы өзгерістерді көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің одан әрі қарай өзгеруі қажет болады. Дисконттау мөлшерлемесін 1%-ға ұлғайту 24,618,618 мың теңге мөлшерінде құнсыздануы салдарынан залал шегуге алып келеді. Аталған жағдайда Компанияның ЕГРЭС- ЕМАЭС -ге салған инвестициялары ЕМАЭС -2-нің таза активтерінен 1,230,182 мың теңгеге артық болады.

#### **Балқаш ЖЭС**

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы (бұдан әрі - Жоба) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасында қол қойылған үкіметаралық келісім аясында іске асырылуда. 2011 жылы қол қойылған келісім электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды.

«Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі - БЖЭС) акционерлері Samsung C&T Corporation (бұдан әрі - Samsung C&T немесе Samsung C&T Corporation) және Компания болып табылады, сәйкесінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қатысу үлестері 50% + 1 акцияны және 50% - 1 акцияны құрайды. БЖЭС 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2012 жылы маусымда «БЖЭС» АҚ мен Samsung Engineering Ltd. және Samsung C&T (бұдан әрі - Консорциум) қуаты 1320 МВт Балқаш ЖЭС-ін жобалау, жеткізу және салуға келісімшарт (бұдан әрі - «ЕРС») жасады.

Жоспарға сәйкес, жобаның рентабельділігі 2014 жылы 19 маусымда БЖЭС пен «KEGOC» АҚ (электр желілерін басқару жөніндегі компания және ҚР бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің ұлттық операторы) арасында жаңадан пайдалануға енгізілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын әзірлікте ұстап тұру жөніндегі қызметті сатып алуға жасалған ұзақ мерзімді шарт (бұдан әрі - ҚСШ) арқылы қамтамасыз етілді, мұнда тарифтер АҚШ долларымен көрсетілген.

2012 жылы 14 ақпанда Компания мен Samsung C&T «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларына қатысты опциондық келісімді» жасасты. Аталған келісімге сәйкес, Samsung C&T БЖЭС акцияларын сату опционына ие, бұл Samsung C&T егер Үкіметаралық келісімді ратификациялауға, ҚСШ-ны уақытылы жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдарды қабылдауға және жобалық қаржыландыруды тарту үшін жеткілікті талаптары бар кепілдіктерді ұсынуға қатысты опциондық келісімдердің тиісті талаптары орындалмаған жағдайда, опционды пайдалану құқығы бар. Опциондық келісімнің талаптарына сәйкес, опцион бағасы Samsung C&T өзіне тиесілі акциялар үшін алынған дивидендтер мен өзге төлемдерді шегергенде, Samsung C&T-ның опцион акциясын, капиталға салынған салымдарды сатып алуға және Samsung C&T-ның қарыздары бойынша берешек сомасына төлеген жалпы сомаға тең.

2016 жылдың тамызына дейін Компания мен Samsung C&T акцияларды сатуға опционды бірнеше рет ұзартты.

Заемдық қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында жобаның өлеуетті кредиторлары халықаралық жобалық қаржыландыру тәжірибесіне сәйкес, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді талап етті.

Жобаны қолдау топтамасының келісілген нұсқасының болмауынан 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T Компанияның атына Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сатуға қатысты опционды орындау туралы хабарлама жіберді, мұнда олар салынған қаражатты 192 миллион АҚШ доллары сомасына бағалады.

Сонымен қатар, жоба бойынша қаржыландырудың болмауына байланысты 2016 жылы 31 тамызда Консорциум БЖЭС-ке ЕРС келісімшартын бұзатыны туралы хабарлама жіберді.

Samsung C&T -тен хабарлама алғаннан кейін Компания мен ҚР Үкіметі 2016 жылғы қазаннан қазіргі кезге дейін мәселені реттеу бойынша бірқатар шаралар қабылдады.

**4 Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қабылдаған кездегі кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

Оңтүстік Қазақстанда энергия жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Жобаның стратегиялық маңыздылығын назарға ала отырып, ҚР Үкіметі Samsung C&T-мен келіссөз жүргізуді жалғастыруды мақұлдады.

Атап айтқанда, ҚР Үкіметі мен ҚР мемлекеттік органдары Жобаны әрі қарай іске асыру мәселелерін талқылау үшін, оның ішінде Samsung C&T-ның қатысуымен бірқатар кездесулер өткізілді. Тараптар белгіленген тәртіпте Үкімет тарапынан жобаны қаржыландыру үшін келісуге болатын талаптары көрсетілген қолдаухат ұйымдастырылатыны туралы келісті.

2017 жылы 28 ақпанда Samsung Engineering Co.Ltd және Samsung C&T жобаны жалғастыру туралы келіссөздер нәтижесінде EPC келісімшартты бұзу туралы хабарламаны кері шақыртып алды.

Алайда Қазақстан тарапынан берілетін қолдаухат мерзімінде шығарылмағандықтан, 2017 жылы 29 сәуірде Samsung Engineering Co. Ltd БЖЭС-ке 2017 жылғы 28 ақпандағы EPC келісімшартты бұзатыны туралы хабарламаны кері шақырып алу бұдан былай тиімді болып табылмайтыны хабарлады.

Электр станциясын салу бойынша барлық жұмыстар тоқтатылды. 2017 жылы 29 қыркүйекте Консорциум БЖЭС-тің атына EPC келісімшартты бұзуға байланысты төлем жасау бойынша соңғы талабын жолдады. Соңғы талаптың сомасы 108,860 мың АҚШ долларын құрады. Бұдан өрі, Консорциум БЖЭС-ке 2017 жылғы 30 қарашада жолдаған өзінің хатында дайындалған жабдықты қабылдауға ниетті екенін білдіре отырып жазған жауабын айтылған мерзімде алмаған себебі бойынша, Консорциум Dongfang Electric Corporation Limited және Siemens AG-ға (бұдан өрі – «Қосалқы мердігерлер») қосымша шығындарды болдырмау үшін өзірлеуші зауыттағы жабдықты кәдеге жаратуға нұсқау бергенен хабарлады.

Компания жоғарыда аталған жағдайлар «Активтердің құнсыздануы» ХБЕС 36 – ға сәйкес, Компанияның БЖЭС-ке салған инвестициясының құнсыздануының белгілері болып табылады деген қорытындыға келді. Соған сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания БЖЭС-ке салған инвестицияның құнсыздануы салдарынан шеккен 32,085,280 мың теңге мөлшеріндегі залалды есептеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Samsung C&T корпорациясының Жобадан шығуымен, оның ішінде Samsung C&T корпорациясының өз акцияларын Опцион бойынша сатумен байланысты талаптарына қатысты мәселелерді реттеу бойынша келіссөздер жүргізуде. Компания мен Samsung C&T арасында сатумен байланысты Опционға қатысты қандай да бір келіссөздер қазіргі кезде жүргізіліп жатқан жоқ. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Samsung C&T келіссөз процесінің белсенді фазасында тұр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын және келіссөздердің ағымдағы мәртебесін назарға ала отырып, Компания акцияларды сатуға арналған Опционға қатысты маңызды экономикалық ресурстардың кету ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және осы жылғы жағдай бойынша жеке қаржылық есептілікте Компания Samsung C&T ұсынған опционға қатысты қандай да бір резервтерді құрған жоқ.

Сонымен бірге Компания басшылығы жоғарыда аталған келіссөздер мен реттеу нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін уағдаластыққа қатысты анықтықтың жоқ екенін атап көрсетеді. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізе алмаған жағдайда, Samsung C&T корпорациясының сот инстанцияларында Компанияға қарсы дау қозғау ықтималдығы туралы қауіп бар. Егер мұндай жағдай орын алса, Компания өз ұстанымын барынша батыл қорғайтын болады. Компания басшылығы Samsung C&T компаниясының опционның орындалуына алып келу құқығы жоқ болатын және олардың талабына қарсы жақсы қорғаныш желісі бар, оның ішінде қарама-қарсы тараптың қабілетсіздігі нәтижесінде шағым келісімшарт талаптарына сәйкес келетінін негіздеуге болады деп санайды (20-ескертпе).

**Акционермен жүргізілген операциялар**

5-ескертпеде көрсетілгендей, 2017 жылы қазанда Компания 3,252,326 мың теңге мөлшеріндегі «Банк «Bank RBK» АҚ-дағы депозиттерінің құнсыздану индикаторы болғанын атап көрсетті. Залал сомасы 812,926 мың теңгені құрады. Үкіметтің 2017 жылғы 7 қарашадағы қаулысына сәйкес, 2017 жылы 29 желтоқсанда Компанияның «Банк «Bank RBK» АҚ-ға салған депозиттері жылдық 0,01% пайыздық мөлшерлеменен 1 данасы үшін номинал құны 1 теңгемен 15 жылдық купондық облигацияларға айырбасталды. Купондық облигациялар бастапқыда 488,379 мың теңгеге тең өділ құн бойынша есептелді. Депозиттердің баланстық сомасы мен облигациялардың өділ құнының арасындағы айырма 1,951,021 мың теңгені құрады және капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте капиталдың өзге бөлінісі ретінде көрсетілді. Компания басшылығы аталған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы тарапы ретінде болды, сәйкесінше, депозиттердің баланстық сомасы мен облигациялардың өділ құнының арасындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте капиталдың өзге бөлінісі ретінде көрсетуі мүмкін деп санайды. Облигациялардың өділ құны облигацияларды өтеу құнын, кепілді өтеу сомасын, сонымен қатар облигацияларға осындай өтеу мерзімімен нарықтық пайыздық мөлшерлемені ескере отырып анықталды. Депозиттердің құнсыздану сомасын есептеген кезде Компания депозиттердің өтелімділігіне жасалған талдауды ескерді.

## **5 Байланысты тараптармен жүргізілген есептер және операциялар**

Байланысты тараптарды анықтау «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» БЕХС 24–те көрсетіледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе елеулі әсер ете алатын немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды түрі ғана емес, олардың өзара қарамы-қатынас сипаттары да ескеріледі. Аналық компания және Компанияның бақылаушы жағы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі жазылған.

Байланысты тараптар Самұрық-Қазынаның бақылауындағы компаниялардан тұрады. Мемлекет Компанияға бақылауды жүзеге асырады. Қазақстан мемлекеті байланысты тараптарға бақылау, бірлескен бақылау жасайтын және елеулі ықпал ететін болғандықтан, компания мемлекетпен және оның байланысты тараптарымен жеке маңызы жоқ мәмілелер мен есеп айырысулар бойынша қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босату туралы шешім қабылдады.

Компания мемлекеттің қатысуымен сатып алуды және көптеген ұйымдарға тауарларды беткізуді жүзеге асырады.

Мұндай сатып алулар мен жеткізілімдер жеке-жеке алғанда болмашы соманы құрайды және әдетте коммерциялық емес негізде жүзеге асырылады. Мемлекетпен жүргізілетін операцияларға сонымен қатар салықтар бойынша есептер жатады.

Төменде 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, байланысты тараптармен жүргізілген операцияларға қатысты жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген заемдар		-	-	5,578,277
Дебиторлық берешек		-	-	31,329
Өзге қысқа мерзімді активтер		-	-	-
Акционердің пайдасына берілген өзге актив	9	1,387,077	-	-
Өзге ұзақ мерзімді активтер		-	-	1,378,374
Ұсынылған заемдар бойынша алынған сыйақылар		-	-	695,834
Алу үшін дивидендтер		-	-	6,380,082
Байланысты тараптардың бағалы қағаздары		-	-	4,734,457
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер		-	-	263,858
Кредиторлық берешек		-	3,117	-
Акционер алдындағы міндеттеме	19	1,174,066	-	-
Заемдар	16	59,959,841	-	28,165,278

**5 Байланысты тараптармен жүргізілген есептер және операциялар (жалғасы)**

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және біріккен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген заемдар		-	-	6,313,014
Дебиторлық берешек		-	-	-
Өзге қысқа мерзімді активтер		-	-	4,367
Акционердің пайдасына бөлінген өзге актив	10	1,096,559	-	-
Өзге ұзақ мерзімді активтер		-	-	1,211,193
Ұсынылған заемдар бойынша алуға сыйақылар		-	-	69,689
Алу үшін дивидендтер		-	-	2,436,470
Байланысты тараптардың бағалы қағаздары		223,491	-	43,547,389
Өзге кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер		-	-	234,388
Кредиторлық берешек		-	8,064	-
Акционер алдындағы міндеттеме		1,174,065	-	-
Заемдар	13	58,381,852	-	-

Төменде 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар және шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша табыстар		-	-	20,764,593
Қаржылық табыстар		9,467	-	3,417,750
Қаржылық шығыстар		5,484,838	-	1,836,178
Жалпы және өкімшілік шығыстар		-	43,959	512,997
Бағам айырмашылығы бойынша табыстар/(шығыстар)		-	-	37,021

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар және шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық теңгеммен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша табыстар		-	-	8,417,366
Қаржылық табыстар		12,958	286,132	4,663,370
Қаржылық шығыстар		5,335,735	-	832,398
Жалпы және өкімшілік шығыстар		-	92,356	271,049
Бағам айырмашылығы бойынша табыстар/(шығыстар)		-	(82,078)	35,477

2017 жылы қазанда Компания 3,252,326 мың теңге мөлшеріндегі «Банк «Bank RBK» АҚ-дағы депозиттерінің құнсыздану индикаторы болғанын атап көрсетті. Депозиттердің өтелімділігін талдау негізінде Компания депозиттер бойынша құнсызданудан болған 812,926 мың теңге мөлшеріндегі зазалды таныды (18-ескертпе).

2017 жылы қарашада ҚР Ұлттық банкі – үшінші тарап «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС «Банк «Bank RBK» АҚ-ның талаптарын жақсарту туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Үкіметтің 2017 жылғы 7 қарашадағы қаулысына сәйкес, 2017 жылы 29 желтоқсанда Топтың «Банк «Bank RBK» АҚ-ға салған теңгерімдік құны 3,252,326 мың теңге депозиттері жылдық 0,01% пайыздық мөлшерлеменен бір данасына номинал құны 1 теңге болатын 15 жылдық купонды облигацияларға айырбасталды. Осы негіздемелік келісімге сәйкес, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС бес жыл өткен соң, кепілді түрде 893,923 мың теңгені өтейді. Облигациялар нәтижесінде бастапқыда 488,379 мың теңгеге

## 5 Байланысты тараптармен жүргізілген есептер және операциялар (жалғасы)

тең әділ құн бойынша танылды. Әділ құн 13% дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып және бес жыл мерзімге болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталды. Депозиттердің баланстық сомасы мен облигациялардың әділ құнының арасындағы айырмашылық 1,951,021 мың теңгені құрады және капиталдағы өзгерістер туралы жеке қаржылық есепте капиталдың өзге бөлінісі ретінде көрсетілді .

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы үкіметаралық келісім аясында «Балқаш ЖЭС-ін салу» жобасын іске асыруға қатыстырылды. 2011 жылы қол қойылған Келісім электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі Samsung C&T корпорациясының Жобадан шығуымен, оның ішінде Samsung C&T корпорациясының өз акцияларын Опцион бойынша сатумен байланысты талаптарына қатысты мәселелерді реттеу бойынша келіссөздер жүргізуде (4-ескертпе).

Жұмыскерлерге берілетін еңбекақыны, сыйлықақыны және басқа қысқа мерзімді сыйақыларды қамтитын, 2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын кезең үшін негізгі басқару қызметкерінің сыйақысы 233,669 мың теңгені құрайды (2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын кезең үшін: 184,896 мың теңге). 2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын кезең жағдай бойынша негізгі басқару қызметкерлер 6 адамнан тұрады (2016 ж.: 8 адам).

## 6 Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

	Сатып алу күні	Тіркелген ел	2017 жылдың 31 желтоқсанына		2016 жылдың 31 желтоқсанына	
			Инвестиция құны, мың теңге	иелік ету үлесі, %	Инвестиция құны, мың теңге	иелік ету үлесі, %
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	338,272,063	100%	338,272,063	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	52,709,818	83.56%	51,208,403	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	30,386,653	100%	30,212,480	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%	21,864,616	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	8,834,141	100%	8,809,618	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	13.06.2012	Қазақстан	2,739,386	100%	2,739,234	100%
«Шардара СЭС» АҚ	03.06.2011	Қазақстан	2,275,999	100%	1,109,544	100%
«Ereumentau Wind Power» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	1,522,677	100%	1,299,616	100%
«Шүлбі СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92.14%	1,230,658	92%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%	1,050,790	90%
«Өскемен СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465,019	89.99%	465,019	90%
Қазгидротехэнерго ЖШС	31.03.2014	Қазақстан	222,506	100%	222,506	100%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%	136,003	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2017	Қазақстан	52,999	100%	53,150	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	15,319	51%	15,319	51%
Forum Muider B.V.	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%	41,759,543	50%
«Екібастұз МАЭС -2 станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%	8,725,133	50%
«Балқаш ЖЭС» АҚ (4-ескертпе).	24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	49.99%	32,085,280	49,99%
<b>Инвестицияның құнсыздануы</b>			<b>(39,919,760)</b>		<b>(7,834,480)</b>	
<b>Инвестициялар жиыны</b>			<b>504,428,843</b>		<b>533,424,495</b>	

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2017 жылғы 31 желтоқсан**

**7 Берілген заемдар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<i>Ескертпе</i>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
<i>Ұзақмерзімді бөлім</i>			
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары		4,463,486	4,463,486
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген заем		3,991,664	3,691,503
«Бірінші жел электр станциялары» ЖШС-ға берілген заем (БЖЭС)		1,496,614	1,651,325
«МЭБК» АҚ облигациялары		1,205,007	1,198,337
БЖЭС ЖШС-ның заемы бойынша есептелген сыйақы		634,545	378,585
«DSFK (ДСФК) арнаулы қаржылық компаниясы» ЖШС облигациялары	5	488,379	-
«Алматы электр станциясы» АҚ облигациялары		-	24,329,000
<b>Барлық берілген заемдар – ұзақ мерзімді бөлік</b>		<b>12,279,695</b>	<b>35,712,236</b>
<i>Қысқа мерзімді бөлім</i>			
«Энергия Семиречья» ЖШС-ға берілген заем		596,349	450,901
«Балқаш ЖЭС» АҚ берген заемдар		343,316	-
Облигациялар бойынша сыйақылар		294,704	771,542
Берілген заемдар бойынша есептелген сыйақылар		65,983	69,689
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек		30,390	30,390
«Т.И. Батуров аиындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген заемдар		5,442	5,442
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары		-	10,043,515
«Алматы электр станциясы» АҚ облигациялары		-	2,745,000
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ облигациялары		-	220,000
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ға берілген заем		-	180,000
Құнсыздануды шегергенде		(980,191)	(5,442)
<b>Берілген заемдардың жиыны – қысқа мерзімді бөлік</b>		<b>355,993</b>	<b>14,511,037</b>

Төменде 2017 жыл ішінде берілген заемдардың құнсыздануына арналған резервтің өзгеруі ұсынылды:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017</b>	<b>2016</b>
<b>1 қаңтардағы құнсыздануға арналған резерв</b>	<b>5,442</b>	<b>5,442</b>
Жыл ішіндегі құнсыздануға арналған резервті тану	974,749	-
<b>31 желтоқсандағы құнсыздануға арналған резерв</b>	<b>980,191</b>	<b>5,442</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2017 жылғы 31 желтоқсан**

**7 Берілген заемдар (жалғасы)**

Төменде кредиттік сапа бойынша өтелмеген заемдарға жасалған талдау келтірілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж.			2016 ж.		
	Корпоративтік облигациялар	Заемдар, қаржылық көмек	Барлығы	Корпоративтік облигациялар	Заемдар, қаржылық көмек	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>						
- Ірі қарыз алушылар – кредиттік тарихы екі жылдан асатын еншілес кәсіпорындар	4,758,190	6,184,112	10,942,302	43,770,880	6,452,393	50,223,273
- Кредиттік тарихы екі жылдан асатын ірі қарыз алушылар	1,205,007	-	1,205,007	-	-	-
- Ірі жаңа қарыз алушылар	488,379	-	488,379	-	-	-
<b>Барлық мерзімі өтпеген және құнсызданбаған берешек</b>	<b>6,451,576</b>	<b>6,184,112</b>	<b>12,635,688</b>	<b>43,770,880</b>	<b>6,452,393</b>	<b>50,223,273</b>
<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған берешек</i>						
- төлем 30 күнге жетпейтін мерзімге кешіктірілген	-	-	-	-	-	-
- төлем 30 күннен асатын мерзімге кешіктірілген	-	-	-	-	-	-
<b>Барлық мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған берешек</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<i>Жеке тәртіпте құнсызданған деп анықталған заемдар (жалпы сомасы)</i>						
- төлем 30 күнге жетпейтін мерзімге кешіктірілген	-	-	-	-	-	-
- 90 дней төлем 30 күннен 90 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	-	-	-	-	-
- төлем 91 күннен 180 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	-	-	-	-	-
- төлем 181 күннен 360 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	980,191	980,191	-	5,442	5,442
- төлем 360 күннен асатын мерзімге кешіктірілген	-	-	-	-	-	-
<b>Барлық жеке құнсызданған заемдар (жалпы сомасы)</b>	<b>-</b>	<b>980,191</b>	<b>980,191</b>	<b>-</b>	<b>5,442</b>	<b>5,442</b>
<b>Құнсыздану салдарынан резервті шегергендегі</b>	<b>-</b>	<b>(980,191)</b>	<b>(980,191)</b>	<b>-</b>	<b>(5,442)</b>	<b>(5,442)</b>
<b>31 желтоқсанға берілген барлық қарыздар</b>	<b>6,451,576</b>	<b>6,184,112</b>	<b>12,635,688</b>	<b>43,770,880</b>	<b>6,452,393</b>	<b>50,223,273</b>

## 7 Берілген заемдар (жалғасы)

*«Алматы электр станциясы» АҚ-дан сатып алынған облигациялар*

2017 жылы «Алматы электр станциясы» АҚ облигациялар бойынша 27,074,000 мың теңге мөлшерінде индекстелген облигацияны сатып алуды жүзеге асырды.

*«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның облигациялары*

2017 жылғы желтоқсанда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ номиналдық құны 10,043,515 мың теңге сомасындағы облигацияларды және сатып алу күніне есептелген купондық сыйлықақыны төледі.

*«DSFK (ДСФК) арнаулы қаржылық компаниясы» ЖШС-ның облигациялары*

Компанияның «Банк «Bank RBK» АҚ-ға салынған депозиттері Үкіметтің қаулысына сәйкес облигацияларға айырбасталды (5-ескертпе).

*«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген заем*

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа объектілерді салу және қайта құру үшін 7,000,000 мың теңге мөлшерінде заем берді. Заемды өтеу мерзімі – 2024 жылғы 21 қаңтар, тоқсан сайын төленетін пайыздың мөлшерлемесі - жылдық 2%.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, берешек сомасы 3,991,664 мың теңгені құрады (2016ж. 31 желтоқсанда: 3,691,503 мың теңге). Заемның теңгерімді құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының келешек ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Бастапқы тану күніне АЖК заемының әділ құны мен табыс салығын есептемегендегі 3,675,691 мың теңге сомасындағы номиналдық құны арасындағы айырмашылықтың шамасы АЖК-ға қосалқы инвестициялар ретінде мойындалды.

*«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға берген заем*

2016 жылы Компания «БЖЭС» АҚ-ға Еуразиялық Даму Банкінің заемын төлеу үшін 1,828,288 мың теңге сомасында заемды берді. Бекітілген сыйлықақы мөлшерлемесі 14% мөлшерінде белгіленді. Негізгі қарыздың сомасын өтеу және сыйлықақыларды төлеу заем мерзімінің соңында белгіленді.

## 8 Өзге ұзақ мерзімді активтер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
Дебиторлық берешек	11,690,781	-
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға ұсынылған қаржылық көпілдер бойынша қарыз	1,378,374	1,211,193
Жұмыскерлердің өзге дебиторлық берешегі	95,053	105,525
<b>Барлық басқа қаржылық ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>13,164,208</b>	<b>1,316,718</b>
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	-	2,200,000
<b>Барлық басқа ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>13,164,208</b>	<b>3,516,718</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша года 11,690,781 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек Компанияның 2017 жыл бойында сатылған еншілес кәсіпорындарының сатып алушыларының ұзақ мерзімді берешегін білдіреді (11-ескертпе). 1,726,568 мың теңге сомасындағы қысқа мерзімді берешек өзге қысқа мерзімді активтердің құрамында көрсетілді (9-ескертпе).

Өзге ұзақ мерзімді активтердің құрамындағы 3,622,539 мың теңге сомасындағы қаржылық берешекті кредиттік рейтингі Fitch BB- бар компания төлеуі тиіс. 9,511,669 мың теңге сомасындағы қаржылық берешектің қалған бөлігін кредиттік рейтингісі жоқ компаниялар төлеуі тиіс.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, қаржылық берешек құнсызданған жоқ және мерзімі өткен жоқ. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, қаржылық өзге ұзақ мерзімді активтер толығымен теңгемен көрсетілді (31 желтоқсан 2016: толығымен теңгемен көрсетілді).



**9 Басқа қысқа мерзімді активтер**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
Алу үшін дивидендтер	6,380,082	2,436,471
Қысқа мерзімді депозиттер	3,037,304	27,394,854
Дебиторлық берешек	1,726,568	-
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді активтер</b>	<b>11,143,954</b>	<b>29,831,325</b>
Акционердің пайдасына арналған активтер	1,387,077	1,096,559
Төленген аванстар	130,470	241,719
Басқалары	161,942	130,507
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді активтер</b>	<b>12,823,443</b>	<b>31,300,110</b>

*Алуға бөлінген дивидендтер*

Алуға бөлінген 5,099,000 мың теңге сомасындағы дивидендтерді кредиттік рейтингілері Fitch BB еншілес кәсіпорындар төлеуі тиіс. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1,281,082 мың теңге сомасындағы алуға бөлінген дивидендтер АҚШ долларымен көрсетілді (31 желтоқсан 2016 жыл: 1,728,179 мың теңге). 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алуға бөлінген дивидендтер құнсызданған жоқ және олардың мерзімі өткен жоқ.

*Қысқа мерзімді депозиттер*

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді депозиттердің теңгерімдік құны бойынша ақпарат ұсынылды:

<b>Банк</b>	<b>Рейтинг (S&amp;P)</b>	<b>Сума</b>	<b>Өтеу мерзімі</b>	<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	<b>Валюта</b>
АТФ Банк	B	1,817,850	16.10.2018	10.5%	Теңге
Qazaq Banki	B-	1,200,774	15.08.2017	4%	АҚШ доллары
Еуразиялық Банкі	B	10,000	16.10.2018	10%	Теңге
Kassa Nova банкі	B	8,680	31.12.2017	12%	Теңге
<b>Барлығы</b>		<b>3,037,304</b>			

2018 жылғы ақпанда Qazaq Bankiнің рейтингі «ССС+/С»-ге дейін төмендеді.

## 9 Басқа қысқа мерзімді активтер (жалғасы)

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қысқа мерзімді депозиттердің теңгерімдік құны бойынша ақпарат ұсынылды:

Банк	Рейтинг (Fitch)	Сума	Өтеу мерзімі	Пайыздық мөлшерлеме	Валюта
Цесна Банк	B+	8,998,830	24.12.2017	2.10%	АҚШ доллары
Qazaq Banki	B-	6,399,168	24.12.2017	5.35%	АҚШ доллары
Еуразиялық Банкі	B	4,343,963	27.11.2017	3%	АҚШ доллары
РБК Банкі	CCC	3,277,492	01.08.2017	4%	АҚШ доллары
АТФ Банк	B-	2,653,633	09.06.2017	4%	АҚШ доллары
Астана Банкі	B	1,721,768	22.08.2017	10%	Теңге
<b>Барлығы</b>		<b>27,394,854</b>			

### Дебиторлық берешек

1,726,568 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек 2017 жыл ішінде сатылған еншілес кәсіпорындардың сатып алушыларынан тиісті берешегінің қысқа мерзімді бөлігін білдіреді. 1,696,568 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешекті кредиттік рейтингісі Fitch BB- компания төлеуі тиіс. 30,000 мың теңге сомасындағы қаржылық берешектің қалған бөлігін кредиттік рейтингісі жоқ компаниялар төлейді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, дебиторлық берешек құнсызданған жоқ және олардың мерзімі өткен жоқ. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, дебиторлық берешек теңгемен көрсетілді.

### Акционердің пайдасына арналған активтер

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания өзіне Астана қаласында 1,174,065 сомаға балабақша салу бойынша міндеттеме алды. Компания 1,174,065 мың теңге мөлшерінде бағаланған құрылыс құнына берген міндеттемені акционердің пайдасына өзге бөлулер ретінде мойындады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания 1,387,077 сомаға балабақша салуға байланысты зиян шекті. Акционердің шешіміне сәйкес, Акционердің пайдасына табысты бөлу есебінен тапсырылуы 2018 жылдың бірінші бөлігінде күтілетіндіктен, аталған нақты шеккен зиян Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді.

## 10 Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
Банк шотындағы ақша қаражаты– АҚШ доллары	7,976,305	876,408
Банк шотындағы ақша қаражаты– теңге	6,151,677	105,821
3 айға дейінгі жедел депозиттердегі ақша қаражаты– теңге	10,000	3,800,000
Банк шотындағы ақша қаражаты– Еуро	2,594	27,593
Кассадағы ақша қаражаты	2,253	2,652
Банк шотындағы ақша қаражаты– рубль	-	2
<b>Барлық ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	<b>14,142,829</b>	<b>4,812,476</b>

**10 Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері (жалғасы)**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, кредиттік сапаға қарай ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларына жасалған талдау төменде көрсетілді: 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары құнсызданған жоқ және олардың мерзімі өткен жоқ.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Рейтинг (S&P)	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған:</i>			
Халық Банкі	BB	7,861,003	4,672,094
Qazaq Banki	B-	6,020,000	39,786
Цеснабанк	B+	182,316	15,270
Bank RBK	CCC	53,619	23,045
Банк Kassa Nova	B	10,000	-
АТФ Банк	B-	7,934	8,735
Казкоммерцбанк	B+	4,523	35,055
Жинақ банкі ЕБ	BB+	1,145	1,857
Банк Центр Кредит	B	36	6
Банк Астаны	B	-	13,976
<b>Барлық ақша қаражаты және олардың баламалары</b>		<b>14,140,576</b>	<b>4,809,824</b>

2018 жылғы ақпанда Qazaq Banki-нің рейтингі «CCC+/C»-ге дейін төмендеді.

**11 Сатуға арналған активтер**

2016 жылғы 23 қарашада Директорлар кеңесі Үкіметтің активтерді жекешелендіру туралы қаулысына сәйкес, бірқатар еншілес ұйымдарды сату шартын мақұлдады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, «Тегіс Мұнай» ЖШС (бұдан әрі - «ТМ») мен оның еншілес компаниясы «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС-ның (бұдан әрі - ММ) барлық активтері мен міндеттемелері істен шығу тобына енгізілді.

Төменде сатуға арналған активтер туралы ақпарат берілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
«Тегіс Мұнай» ЖШС-дағы инвестициялар	15,810,776	15,496,516
«ШҚ АЭК» АҚ-дағы инвестициялар	-	7,723,741
«Ақтөбе ЖЭО»-дағы инвестициялар	-	7,176,726
«МЭБК» АҚ-дағы инвестициялар	-	785,297
<b>Барлық сатуға арналған активтер</b>	<b>15,810,776</b>	<b>31,182,280</b>

2017 жылдың төртінші тоқсанында Компания «Шығыс Қазақстан таратушы электр желілік компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ШҚ АЭК»), «ШығысЭнергоТрейд» ЖШС (бұдан әрі – «ШЭТ»), «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «МЭБК»), «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-дағы (бұдан әрі - «АЖЭО») бақылаушы үлесін сатты. Компанияның аталған еншілес ұйымдарға салған инвестициялары бұрын істен шығу тобы ретінде жіктелді.

**11 Сатуға арналған активтер (жалғасы)**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>МЭБК 9 қараша 2017 ж.</b>	<b>ШҚ АЭК, ШЭТ-ті қоса алғанда 20 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>АЖЭО 28 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>Барлығы</b>
Компанияның салған инвестициялары	785,297	7,723,741	7,176,726	15,685,764
Компанияның еншілес кәсіпорындардан түскен дивидендтері бойынша дебиторлық берешегі	-	-	1,140,233	1,140,233
<b>Істен шыққан таза активтердің баланстық құны</b>	<b>785,297</b>	<b>7,723,741</b>	<b>8,316,959</b>	<b>16,825,997</b>

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>МЭБК 9 қараша 2017 ж.</b>	<b>ШҚ АЭК, ШЭТ-ті қоса алғанда 20 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>АЖЭО 28 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>Барлығы</b>
<b>Сатылған активтер үшін алынатын жалпы сома</b>	<b>7,906,959</b>	<b>10,405,280</b>	<b>9,740,233</b>	<b>28,052,472</b>
Сатқан кезде туындаған дебиторлық берешектің әділ құнын шегергенде	(5,313,966)	(6,859,280)	(1,140,233)	(13,313,479)
<b>Сатудан түскен ақша қаражатының түсімі</b>	<b>2,592,993</b>	<b>3,546,000</b>	<b>8,600,000</b>	<b>14,738,993</b>

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>МЭБК 9 қараша 2017 ж.</b>	<b>ШҚ АЭК, ШЭТ-ті қоса алғанда 20 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>АЖЭО 28 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>Барлығы</b>
Еншілес ұйымды сатқаны үшін сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі алынған өтемақы	7,786,390	10,268,731	9,740,238	27,795,353
Сатылған таза активтердің бақыланбайтын қатысу үлесін шегергендегі баланстық құны	(785,297)	(7,723,741)	(8,316,959)	(16,825,997)
<b>Активтерді сатудан түскен пайда</b>	<b>7,001,093</b>	<b>2,544,990</b>	<b>1,423,279</b>	<b>10,969,362</b>

2017 жыл ішінде Компания МЭБК мен АЖЭО-дан дивидендтер бойынша 603,850 мың теңге сомаға табыс тапты.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2017 жылғы 31 желтоқсан**

**12 Акционерлік капитал**

	Эмиссия күні	Жарияланған және шығарылған акциялар саны	Акцияның құны, теңге	Акционерлік капитал, мың теңге
<b>2016 ж. 1 қаңтарына төленген капитал</b>		<b>5,585,723</b>		<b>355,650,405</b>
Акцияның 15-ші эмиссиясы	2017 ж. 1 сәуір	10,964	1,000,044	10,964,483
Акцияның 16-ші эмиссиясы	2017 ж. 14 шілде	2,239	1,340,000	3,000,260
Акцияның 17-ші эмиссиясы	2017 ж. 23 тамыз	2,761	1,340,000	3,699,740
<b>2016 ж. 31 желтоқсанында төленген капитал</b>		<b>5,601,687</b>		<b>373,314,888</b>
<b>2017 ж. 31 желтоқсанында төленген капитал</b>		<b>5,601,687</b>		<b>373,314,888</b>

2017 ж. 31 желтоқсанында шығарылған жай 5,601,687 акциялар толық төленді (2016ж.: 5,601,687 акция). Өр жай акция бір дауысқа құқықты көрсетеді. Компанияда артықшылықты акциялар жоқ.

2017 ж. 31 желтоқсанында «Самұрқ-Қазына» ҰАҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2016 ж.: 100%)

2017 жылғы 25 мамырда Компания 4,704,895 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді жариялады (2016ж: 2,041,000 мың теңге). Дивидендтерді төлеу 2017 жылғы 27 шілдеде толық көлемде жүргізілді.

**13 Заемдар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 31 желтоқсан	2016ж. 31 желтоқсан
<b>Ұзақ мерзімді бөлім</b>		
Ұзақ мерзімді банктік заемдар	68,231,270	10,670,000
Самұрық –Қазынадан алынған заемдар	57,350,979	55,764,655
Облигациялар	47,921,800	-
<b>Барлық заемдар – ұзақ мерзімді бөлім</b>	<b>173,504,049</b>	<b>66,434,655</b>
<b>Қысқа мерзімді бөлім</b>		
Қысқа мерзімді банктік заемдар	5,000,000	1,248,900
Самұрық–Қазынадан алынған заемдар	2,381,109	2,381,109
Аударылған пайыздар – облигациялар	1,089,722	190,947
Аударылған пайыздар – банктік заемдар	738,662	214,708
Аударылған пайыздар – Самұрық–Қазынадан алынған заемдар	227,753	236,087
Облигациялар	-	166,560,927
<b>Барлық қысқа мерзімді бөлім</b>	<b>9,437,247</b>	<b>170,832,678</b>
<b>Барлық заемдар</b>	<b>182,941,296</b>	<b>237,267,333</b>

### 13 Заемдар (жалғасы)

Төменде осы заемдардың теңгерімдік және әділ құндарын талдау көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 31 желтоқсан		2016 ж. 31 желтоқсан	
	Теңгерімдік құн	Әділ құн	Теңгерімдік құн	Әділ құн
Заемдар	59,959,841	46,240,712	58,381,851	53,653,250
Облигациялар	49,011,522	48,807,574	166,751,874	167,789,851
Банктік заемдар	73,969,932	75,186,781	12,133,608	12,133,608
<b>Барлық заемдар</b>	<b>182,941,295</b>	<b>170,235,067</b>	<b>237,267,333</b>	<b>233,576,709</b>

#### *Самұрық-Қазына*

2010 жылы 17 наурызда Компания Forum Muider-ден 50% үлесін сатып алу нәтижесінде қайта қаржыландыру мақсатында Самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасына келісімге отырды. Қарыз жылдық 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2029 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмейтін өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздар қарызды алғаннан кейін келесі есеп беру жылынан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2011 жылдың 14 қаңтарынан бастап Компания АЖК компаниясының кіші станциясын қаржыландыру үшін Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңгеге несиелік келісімге қол қойды. Қарыз жылдық 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен (сыйлықақының тиімді мөлшерлемесі жылдық 7.7%-ды құрайды), 2024 жылдың 25 қаңтарынан кешіктірілмейтін өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздар жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 16 қаңтарында Компания ЕГРЭС-1-дегі қалған қатысу үлесін сатып алу үшін Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасына несиелік келісімге қол қойды. Негізгі соманы 2028 жылдың 1 желтоқсанында төлеу қажет, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 3 қазанда, несиелік келісім №369 несиелік келісім-шартқа қосымшаларға сәйкес келесідей едәуір өзгерді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі несие сомасы Компания акцияларына айырбасталды
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9%-ға дейін көтерілді, ол нарықтық пайыздық мөлшерлемеге біршама сәйкес келеді.

2016 жылғы 25 желтоқсанда аталған кредиттік келісім №369 кредиттік шартқа қосымшаларға сәйкес елеулі өзгерілді, негізгі қарыздың сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1%-ға дейін азайды. Басшылық пайыздық мөлшерлемені 1% нарықтық емес мөлшерлемеге дейін азаюы, сондай-ақ заемның басымдығын тәртіптелгенге өзгеруі заем шарттарында елеулі өзгерістерді білдіретінін бағалады. Басшылық заем шарттарында бұндай өзгеріс бастапқы заемды өтеу және жаңа заемды әділ баға бойынша тану ретінде ескерілуі тиіс екенін санайды. Заемды алу күніне нарықтық құны жылдық 12.8%-ды құрайды. Басшылық арықтан төмен мөлшерлеме бойынша заемды ұсынған кезде Самұрық-Қазына Компанияның акционері ретінде әрекет етеді деп санағандықтан, Компания өзге капиталдың құрамындағы пайдаға салынатын салық тиімділігін шегеріп, 72,581,903 мың теңге сомасындағы заемды алғашқы танудан алынатын табысты мойындады. Алғашқы алынған заемнан алынған пайда алынған номиналдық баға мен дисконтталған ақша ағындарының әдісін және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлермесін пайдалана отырып есептелген мойындау күніне әділ баға арасындағы айырмашылық ретінде көрсетілді.

#### *Еуропа қайта құру және даму банкі*

2016 жылғы желтоқсанында Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро мөлшерінде жаңартылмаатын кредиттік желіні ашты. 2017 жылғы қыркүйегінде Компания аталған кредиттік желі аясында 39,114,450 мың теңге жалпы сомасына екі траншты алды. Пайыздық мөлшерлеме банк тоқсан сайын анықтайтын жылдық айырманы қоса алғандағы 3.5% және 4.5%-ды құрайды және жылына екі рет төлеуге жатады. Негізгі қарыз жылына екі рет және мерзімнің соңында төлеуге жатады.

#### *«Қазақстан Халық Банкі» АҚ*

2017 жылғы тамыздағы Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін және өзге корпоративтік мақсаттар мақсатында 40,000,000 мың теңге мөлшерінде жаңартылмайтын кредит желісін ашты. Пайыздық мөлшерлеме жылдық 14.2%-ды құрайды және тоқсан сайын төлеуге жатады. Негізгі қарыз жылына екі рет төлеуге жатады. 2017 жылғы желтоқсанда Компания 15,000,000 мың теңгені мерзімнен бұрын төледі.

### 13 Заемдар (жалғасы)

#### Облигациялар

2017 жылғы тамызда және қыркүйекте Компания жалпы сомасы 20,000,000 мың теңгеге және 28,000,000 мың теңгеге бес жыл мерзімге 1 облигацияға номинал құны 1 мың теңгеден облигациялар шығарып, ораластырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 13%-ды және сәйкесінше, 12.5%-ды құрады, ол жылына екі рет және тоқсан сайын төленуі тиіс.

#### “Қазкоммерцбанк” АҚ

2015 жылы кредиттік желі туралы келісім аясында Компания айналым капиталын толтыру мақсатында 5 жыл мерзімге 10,000,000 мың теңге сомасында қарыз алды. Аталған кредит бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемесі 12,7%-ды құрайды.

#### Еурооблигациялар

Директорлар кеңесінің 2012ж. 7 қыркүйектегі және 2012ж. 6 желтоқсандағы шешімдері негізінде Компания қамтамасыз етусіз 500,000 облигация мөлшерінде еурооблигацияларды шығарды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 3.75% (тиімді мөлшерлеме 3.85%) деңгейінде бекітілді. Бір облигацияның номиналдық құны 1,000 АҚШ долларын құрады. Эмиссия 2012 жылғы 20 желтоқсанда Ирландия қор биржасында тіркелді. Top 500,000 мың АҚШ доллар мөлшерінде еурооблигацияның толық сомасын шығарды және жариялады. 2017 жылғы қыруйегінде және желтоқсанында Компания кестеге сәйкес еурооблигацияларды толық төледі.

#### Заемдарды салыстыру

Кестеде төменде әрбір көрсетілген кезеңдегі таза қарыз сомасы мен Компанияның қаржылық қызметі нәтижесінде туындаған міндеттемелеріндегі өзгерістер көрсетілген. Осы міндеттемелердің баптары қаржы қызметінің құрамындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілді.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж.	2016 ж.
<b>Бірінші қағтардағы жағдай бойынша заемдар</b>	<b>237,267,333</b>	<b>248,505,092</b>
Алынған заемдар бойынша түсімдер	86,021,450	1,882,800
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	48,000,000	-
Заемдарды өтеу	(26,230,009)	(13,079,109)
Облигацияларды өтеу	(167,994,272)	-
Есептелген сыйақы	12,767,023	9,561,093
Төленген сыйақы	(11,323,556)	(9,976,540)
Бағам айырмасы бойынша түзетулер	1,345,665	(3,486,858)
Келтірілген құн дисконтын жою	4,088,623	3,864,729
Өзге төлемдер	(1,000,962)	(3,874)
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша заемдар</b>	<b>182,941,295</b>	<b>237,267,333</b>

### 14 Дивидендтер бойынша табыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017ж.	2016ж.
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-тен дивидендтер	9,599,000	2,200,000
Fogum Muider B.V -дан дивидендтер	6,345,062	4,984,002
«Бұқтырма СЭС» АҚ -тан дивидендтер	2,577,011	2,420,599
«Алматы электр станциялары» АҚ-тан дивидендтер	889,056.6	-
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-тан дивидендтер	-	(1,500,000)
Басқалары	750,614	312,765
<b>Дивидендтер бойынша барлық табыстар</b>	<b>20,160,743</b>	<b>8,417,366</b>



**15 Жалпы және өкімшілік шығыстар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Жалақы және онымен байланысты шығыстар	2,365,503	2,468,579
Консультациялық және басқа қызметтер	1,646,580	1,287,222
Салықтар	348,252	185,860
Жалдау бойынша шығыстар	347,463	338,046
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	327,513	344,763
Мүшелік төлемдер	96,149	162,800
Қызметкерлерді оқыту және онымен байланысты шығыстар	85,723	77,599
Іссапар шығыстары	80,365	142,312
Сақтандыру	41,132	40,546
Байланысқы жұмсалған шығыстар	32,574	36,073
Басқалары	807,337	508,697
<b>Барлық жалпы және өкімшілік шығыстар</b>	<b>6,178,591</b>	<b>5,592,497</b>

**16 Басқа операциялық шығыстар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
«Мойнақ СЭС» АҚ-дағы инвестициялардың құнсыздануы	-	5,399,568
«Балқаш ЖЭС» АҚ-дағы инвестициялардың құнсыздануы	32,085,280	
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген заемдардың құнсыздануы	348,009	
«Энергия Семиречья» ЖШС-ға берілген заемдардың құнсыздануы	596,349	-
«Энергия Семиречья» ЖШС-ның дебиторлық берешектің құнсыздауы	151,510	
Таза айырбастау айырмашылықтары	127,441	395,813
«КарагандаГипроШахт» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануы	-	131,303
Өзге	184,062	21,005
<b>Барлық басқа операциялық шығыстар</b>	<b>33,492,651</b>	<b>5,947,689</b>

**17 Қаржылық табыстар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Облигациялар бойынша пайыздық табыстар	2,431,048	3,453,090
Банктік депозиттер бойынша пайыздық табыстар	1,163,089	1,326,390
Берілген қаржылай көмек бойынша пайыздық табыстар	400,654	863,014
Берілген қаржылық көмек бойынша дисконт амортизациясы	300,161	282,861
Берілген кепілдер бойынша табыстар	311,345	357,098
Берілген қаржылай көмек бойынша шығынды алып тастағандағы бағам айырмашылығының табысы	-	3,486,858
Өзге	766,665	128,817
<b>Барлық қаржылық табыстар</b>	<b>5,372,962</b>	<b>9,898,128</b>

**18 Қаржылық шығыстар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Облигациялар бойынша сыйлықақылар бойынша шығыстар	7,625,337	6,405,375
Заемдарға қатысты сыйақы бойынша шығыстар	5,141,682	3,155,718
Акционерлердің заемдары мен қаржылай көмегі бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	4,088,623	3,864,729
Берілген қаржылай көмек бойынша табысты алып тастағандағы бағам айырмашылығының шығыны	1,345,665	-
Банктік депозиттерді құнсыздануы	812,926	-
Облигацияларды индекстеу бойынша шығыстар	396,019	706,726
Өзге	555,936	133,158
<b>Барлық қаржылық шығыстар</b>	<b>19,966,188</b>	<b>14,265,706</b>

**19 Табыс салығы**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Ағымдағы табыс салығы	177,890	272,740
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	-
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыстар</b>	<b>177,890</b>	<b>272,740</b>

Төменде салық бойынша теориялық және нақты шығыстар салыстырылып тексерілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Жалғасып отырған қызметтен ХҚЕС бойынша салық салғанға дейінгі түскен пайда	(33,590,535)	(7,470,564)
Тоқтатылған қызметтен ХҚЕС бойынша салық салғанға дейінгі түскен пайда	11,573,212	-
Қолданыстағы 20% (2016 ж.: 20%) мөлшерлеме бойынша табыс салығына қатысты теориялық жинақ	(4,403,465)	(1,494,113)
Түзетулер:		
Дивидендтер бойынша табыстар	(4,152,919)	(1,683,473)
Салық салынатын табыстың болмауы себепті салық салудан пайдаланылмаған босату	(2,626,182)	-
Төлеу кезінен ұсталған табыс салығы	177,890	272,740
Өзге	127,344	126,111
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	10,621,863	4,396,955
Өткен жылдардың түзетулері	433,359	(1,345,480)
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыстар</b>	<b>177,890</b>	<b>272,740</b>

**19 Табыс салығы (жалғасы)**

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамаларының арасындағы айырмашылық активтердің теңгерімдік құны және бухгалтерлік есептегі міндеттемелері мен олардың салық базасының арасында уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеліп соғады. Уақытша айырмашылықтардың өзгеруіне салықтың әсері төменде көрсетілген және қолданылуы уақытша айырмашылықтарды қалпына келтіру кезеңінде күтілетін салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетілген.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж. 1 қаңтар</b>	<b>Пайда мен залал есебіне жатқызылды</b>	<b>Резерв есебіне жатқызылды</b>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Шегерілетін уақытша айырмашылықтардың салықтық тиімділігі</b>				
Ауысқан салықтық залал	18,330,787	3,096,198	-	21,426,985
Берілген заемдар	709,163	326,986	390,204	1,426,353
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	1,227,997	5,997,480	-	7,225,477
Басқа дебиторлық берешек	327,569	461,446	-	789,015
Кепілдік	286,455	166,123	-	452,578
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық активтер</b>	<b>20,881,971</b>	<b>10,048,233</b>	<b>390,204</b>	<b>31,320,408</b>
Танылмаған салықтық активтер	(4,396,956)	(10,621,863)	(390,204)	(15,409,023)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру</b>	<b>(16,485,015)</b>	<b>573,630</b>	<b>-</b>	<b>(15,911,385)</b>
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған активтер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері</b>				
Негізгі құралдар	(30,248)	(44,395)	-	(74,643)
Заемдар	(16,454,767)	618,025	-	(15,836,742)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық міндеттемелер</b>	<b>(16,485,015)</b>	<b>573,630</b>	<b>-</b>	<b>(15,911,385)</b>
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру</b>	<b>16,485,015</b>	<b>(573,630)</b>	<b>-</b>	<b>15,911,385</b>
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>

Компания төлем көздеріне табыс салығы салынатын көз жетер келешекте салық салынатын табысты алуды жоспарламайды.

**19 Табыс салығы (жалғасы)**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 1 қаңтар</b>	<b>Пайда мен залал есебіне жатқызылды</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Шегерілетін уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері</b>			
Ауыстырылған салықтық залал	16,211,135	2,119,652	18,330,787
Еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға берілген заемдар	730,533	(21,370)	709,163
Еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға салынған инвестициялар	266,056	961,941	1,227,997
Басқа дебиторлық берешек	41,503	286,066	327,569
Кепілдік	-	286,455	286,455
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық активтер</b>			
Танылмаған салық активтері	-	(4,396,956)	(4,396,956)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру	(17,249,227)	764,212	(16,485,015)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер</b>			
	-	-	-
<b>Салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері</b>			
Негізгі құралдар	(116,166)	85,918	(30,248)
Заемдар	(17,133,061)	678,294	(16,454,767)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық міндеттемелер</b>			
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру	(17,249,227)	764,212	(16,485,015)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер</b>			
	-	-	-

2017 жылғы 31 желтоқсанда Компания 32,065,970 мың теңге сомасына шегерген кейінгі кезеңдер үшін пайдаланылмаған салық шығындарына қатысты кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активті таныған жоқ (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 21,84,780 мың теңге).

## **20 Шартты және келісім-шартты міндеттемелер және операциялық тәуекелдер**

### *Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық ахуал*

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл өсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қосады, бірақ олармен шектелмейді.

Мұнай және басқа минералды шикізаттардың төмен бағалары, теңге бағамының тұрақсыздығы қаржы айналымының төмендеуі және халықаралық қаржыларды тартудағы қиындықтардың туындауын қоса алғанда ҚР экономикасына кері ықпалын тигізуді жалғастыруы мүмкін.

2015 жылдың 20 тамызында ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметі теңгенің айырбастау курсына қолдау көрсетуді тоқтату және еркін айырбастау бағамына ауысу және валюта коридорынан бас тарту, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, 2015 жылдың тамыз-желтоқсан айларында теңгенің айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 187 – 350 теңгеден ауытқып тұрды. Осы есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан қор биржасының ресми айырбастау курсы 1 АҚШ доллары үшін 321.98 теңгені құрады, салыстырмалы түрде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңге болған (31 желтоқсан 2016 ж.: 1 АҚШ доллары үшін 333.29 теңге). Осылайша, теңгенің айырбастау курсы мен Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ әрекеттеріне, сондай-ақ аталған факторлардың ҚР экономикасы ықпалына қатысты тұрақсыздық бар.

2016 жылғы қаңтардың ортасында Standard & Poor халықаралық рейтинг агенттігі 2016-2019 жж. кезеңде мұнай бағамына қатысты өз болжамдарын айтарлықтай төмендетті. Қазақстан экономикасы мұнай-газ секторына біршама тәуелді болып табылатындықтан, Standard & Poor енді стагнацияны немесе ЖІӨ аздап қана өсуін күтеді. Тиісінше, 2016 жылдың ақпанында Standard & Poor шетелдік және ұлттық валюта жағдайы бойынша Қазақстанның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін BBB+ деңгейден BBB деңгейге төмендетті. Бұған қоса, S&P шетелдік және ұлттық валюта жағдайы бойынша Қазақстанның қысқа мерзімді рейтингін "A-2" -ден "A-3"-ке, ал ұлттық шкала бойынша рейтингін "kzAA+" –дан "kzAA"-ға төмендетті. Ұзақ мерзімді рейтинг бойынша болжам «жағымсыз».

Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам - «тұрақты». Тұрақты болжам S&P агенттігінің биліктің банктік секторды қайта капиталдандыру жоспарларына қатысты тіркелген қаржылық шығыстары мен 2020 жылға дейінгі кезеңде біршама орнықты болып қала беретін экономикалық белсенділігі туралы пікірді білдіреді.

Қаржы нарығы бұрынғыша тұрақсыздығымен, бағаның жиі және айтарлықтай өзгеруімен және сауда операциялары бойынша спредтердің артуымен сипатталады. Мұндай экономикалық орта Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына едәуір ықпал етеді. Басшылық Топтың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауда. Соған қарамастан, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиынға соғады және Басшылықтың ағымдағы күтетін нәтижелері мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасында саяси, заңнамалық, салықтық және реттегіштік өзгерістерге іліккіш болып қала береді. Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамалары даму үстінде, ол түрлі түсіндірмелердің болу мүмкіндігін қарастырады. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары белгілі бір деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушы және саяси жүйелердің дамуына, яғни Компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты. Басшылық ағымдағы экономикалық жағдайлар мен оның перспективаларын ескере отырып, ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану ықтималдығын бағалады (4-ескертпе). Болашақтағы экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжамдарынан өзгеше болуы мүмкін.

### **Салық заңнамалары**

ҚР-да салықтық жағдайлар өзгерістерге ұшырағыш, жүйесіз қолдануға, түсіндіруге бейім. Қазақстан заңдарындағы, Компания мен қазақстандық уәкілетті органдардың ережелеріндегі айырмашылықтар қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдарды есептеуге алып келеді.

Қазақстанның салық салу заңнамасы және тәжірибесі тұрақты даму жағдайында және олар кері күшке ие болуы мүмкін, сондықтан түрлі болжамдар мен жиі өзгерістерге тап болады. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын анықтау мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұнда қазақстан салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін түсінуі Топтың қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексерісті жүргізуі мүмкін. Компания басшылығы заңнама нормаларын дұрыс түсіндіретіне және Компанияның салық, валюталық және кедендік заңнамасы мәселелерінде ұстанымдарының негізіне сенімді. Басшылық пікірінше, Компания аталмыш жеке қаржылық есептілікке қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және өлеуетті салық арыздары бойынша көп шығындарға батпайды.

**20 Шартты және келісім-шартты міндеттемелер және операциялық тәуекелдер (жалғасы)**

**Сақтандыру**

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандыру түрлері әзірге Қазақстанда қолжетімсіз. Компанияның өндірістің тоқтап қалуына байланысты өндірістік ғимараттарына, жылжымайтын мүлік нысанына немесе апат салдарынан немесе Компания қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалға қатысты үшінші тарап алдында пайда болған міндеттемелерінің залалдары бойынша толық сақтандыру қорғанысы жоқ. Компания толыққанды сақтандыруды жаппайынша, белгілі бір активтердің жойылу және бұлну тәуекелі бар, ол Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына кері әсер етеді.

**Сот талқылауы**

Компания қалыпты қызметін жүзеге асыру барысында пайда болған белгілі бір басқа сот үрдістеріне қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі кезде Компанияның қаржылық жағдайына жағымсыз әсері болуы мүмкін қандай да бір ағымдағы сот үдерістері немесе өзге аяқталмаған шағымдар, нәтижелер жоқ.

**БЖЭС акцияларын сатуға арналған опцион бойынша шартты міндеттеме.**

4-ескертпеде көрсетілгендей, 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T Компания атына Акцияларды сатуға арналған опционды Опциондық келісімге сәйкес орындауға келтіру туралы хабарлама жіберді, мұнда салынған қаражат 192 миллион АҚШ долларына бағаланған.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Samsung C&T келіссөз процесін белсенді түрде жүргізуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын және келіссөздердің ағымдағы мәртебесін назарға ала отырып, Компания Акцияларды сатуға арналған опционға қатысты маңызды экономикалық ресурстардың кету ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және осы жылғы жағдай бойынша жеке қаржылық есептілікте Компания Samsung C&T ұсынған опционға қатысты қандай да бір резервтерді құрған жоқ (4-ескертпе).

**Заемдар бойынша ковенанттар**

Компанияның заемдар мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Аталған ковенанттарды сақтамау Компания үшін заемдар бойынша шығындардың өсуі мен дефолт жариялауды қоса алғанда жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін. 2017 жыл ішінде Компания «Қазақстан Халық банкі» АҚ мен Еуропа қайта құру және даму банкінің заемдары бойынша ковенанттардың сыйақы бойынша қарыз/ЕВІТДА және ЕВІТДА/шығын көрсеткіштерін сақтау бөлігін бұзды. Компания банктерден аталған шек қоятын шарттарды арттыруды қабылдау туралы хаттарды алды, сәйкесінше, бұл қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерге жіктелген жоқ.

**Ұзақ қаржы кепілдері**

2017 жылғы 31 желтоқсанда Компанияда «БЖЭС» ЖШС мен «Шардара ГЭС» АҚ алған заемдарға берілген кепілдіктері бар. Алғашқы мойындау кезіндегі әділ баға заем алушы Компания қамтамасыз еткен алған несие бойынша пайыздық мөлшерлеме және егер Компания кепілдік бермесе де қабыланатын пайыздық мөлшерлеме арасында айырмашылықты көрсететін кепілмен жабылған пайыздық мөлшерлеме сомасына қабылдау нәтижесінде алған сома ретінде белгіленді. Кепілдің бағасы еншілес кәсіпорынға инвестиция ретінде есептеледі.

Қазақстан теңгесімен, мың	Ұзақ қаржы кепілдер		Кепілдікті міндеттемелердің сомасы		Кепілдің әрекет ету кезеңі		Кепіл бойынша бағлау мөлшерле месі
	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан	Кепілді шығару күні	Кезеңі	
Компания							
«Шардара СЭС» АҚ	1,558,102	626,877	12,950,000	11,450,000	2015 – 2017 ж.	11-13 жыл	3%
«БЖЭС» ЖШС	704,790	805,396	14,167,000	13,174,957	2014 ж.	10 жыл	1%
<b>Итого</b>	<b>2,262,892</b>	<b>1,432,273</b>	<b>27,117,000</b>	<b>24,624,957</b>			

## 21 Санаттар бойынша қаржылық құралдар

Қаржылық құралдар бойынша есепке алу саясатының қағидаттары төменде көрсетілген баптарға қолданылды:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Заемдар және дебиторлық берешектер:</b>			
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	14,142,829	4,812,476
Қысқа мерзімді депозиттер	9	3,037,304	27,394,854
Алу үшін дивидендтер	9	6,380,082	2,436,471
Қаржылық дебиторлық берешек	8	13,417,349	-
Еншілес ұйымдардың берілген кепілдіктер бойынша берешегі	8	1,378,374	1,211,193
Берілген заемдар	7	12,635,688	50,223,273
Задолженность работников	8	95,053	105,525
<b>Барлық қаржылық активтер</b>		<b>51,086,679</b>	<b>86,183,792</b>
<b>Басқа қаржылық міндеттемелері</b>			
Заемдар	13	182,941,295	237,267,333
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік		2,262,892	1,432,273
Кредиторлық берешектер		750,235	438,612
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>		<b>185,954,422</b>	<b>239,138,218</b>

## 22 Қаржылық тәуекелдерді басқару

### *Қаржылық тәуекел факторлары*

Компанияның қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге ұшыратады: нарықтық тәуекел (валюта тәуекелі, ақша қаражатының қозғалысына пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелін қоса алғанда), несиелік тәуекел және өтімділік тәуекелі. Компания деңгейінде тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарығында кенеттен болатын тәуекелдерге жеке және Компанияның қаржылық нәтижелеріне өлеуетті жағымсыз әсер етуді мүмкіндігінше қысқартуға бағытталған. Компания тәуекелге тап болуды хеджирлеу үшін ерікті қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Компанияның тәуекелдерді басқаруы қаржылық тәуекелдерге, операциялық және заңдық тәуекелдерге қатысты жүзеге асырылады. Қаржылық тәуекелдерді басқарудағы негізгі міндет болып тәуекел шектелімін анықтау және белгіленген шектелімдерді сақтауды өрі қарай да қамтамасыз ету табылады. Операциялық және заңдық тәуекелдерді басқару операциялық және заңдық тәуекелдерді мейлінше азайту мақсатында ішкі регламенттер мен рәсімдерді дұрыс сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

### *(а) Несиелік тәуекел*

Компания кредит тәуекеліне ұшырауы мүмкін, атап айтқанда қаржылық құрал бойынша бір тарап басқа тарапқа қаржылық шығын әкелу тәуекеліне ұшырауы мүмкін, себебі ол өз міндетірін орындай алмайды



**22 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Активтердің кластары бойынша Компанияда туындайтын барынша жоғары кредиттік тәуекел мыналардан тұрады:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2016 ж.</b>
<b>Берілген заемдар</b>			
- Заемдар	7	6,184,111	6,452,393
- Облигациялар	7	6,451,577	43,770,880
<b>Өзге ұзақ мерзімді активтер</b>			
- Үшінші тараптардың дебиторлық берешегі	8	11,690,781	-
- Еншілес ұйымдардың берілген кепілдіктер бойынша берешегі	8	1,378,374	1,211,193
- Өзге дебиторлық берешек	8	95,053	105,525
<b>Өзге қысқа мерзімді активтер</b>			
- Алуға бөлінген дивидендтер	9	6,380,082	2,436,471
- Қысқа мерзімді депозиттер	9	3,037,304	27,394,854
- Дебиторлық берешек		1,726,568	-
<b>Ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері</b>			
- Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты	10	14,130,576	1,009,824
- Жедел депозиттер	10	10,000	3,800,000
- Кассадағы ақша қаражаты	10	2,253	2,652
<b>Барлық баланстық тәуекелдер</b>		<b>51,086,679</b>	<b>86,183,792</b>
Қаржылық кепілдіктер – кепілдіктер берілген кредиттер мен заемдар сомасы		27,117,000	24,624,957
<b>Барлық барынша жоғары кредиттік тәуекел</b>		<b>78,203,679</b>	<b>110,808,749</b>

Қаржылық активтердің кредиттік сапасы бойынша талдау 7,8,9, және 10 ескертпелерде берілді.

**22 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**(б) Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – Компанияда қаржылық міндеттемелерді атқарған, ақша қаражатын немесе басқа қаржылық активтерді беру арқылы есеп айырған кезде пайда болатын тәуекелдер. Компанияның өтімділікті басқаруға қатысты ұстанымы Компания беделін тәуекелге ұшыратпай, қолайсыз залалдарға жол бермей, қалыпты жағдайда да, сондай-ақ шиеленісті жағдайларда да өз міндеттемелерін мерзімінде өтеу үшін Компанияда жеткілікті өтімді қаражаттың үнемі болуын мүмкін болғанынша қамтамасыз ету болып табылады.

Төмендегі кестеде шарттың талаптарында көзделген өтеу мерзімінің соңына дейін есеп беру күніне қалдырылған, мерзімі көрсетілген өтеу мерзімдері бойынша бөлінген Компанияның қаржылық міндеттемелері талданған.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Талап еткенге дейін және 1 айдан аз уақыт мерзімде</b>	<b>1 айдан 3 айға дейін</b>	<b>3 айдан 12 айға дейін</b>	<b>12 айдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан жоғары</b>
2017 жыл 31 желтоқсан:					
Заемдар	1,253,269	3,296,141	13,271,130	89,787,005	150,880,712
Облигациялар бойынша міндеттемелер	-	2,175,000	3,925,000	71,525,000	-
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	-	1,354,331	-	-	-
Қаржылық кепілдіктер	27,117,000	-	-	-	-
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>28,370,269</b>	<b>6,825,472</b>	<b>17,196,130</b>	<b>161,312,005</b>	<b>150,880,712</b>
2016 жыл 31 желтоқсан:					
Заемдар	70,000	2,906,896	3,595,793	29,648,258	136,922,756
Еурооблигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	172,894,188	-	-
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	-	907,796	-	-	-
Қаржылық кепілдіктер	24,624,957	-	-	-	-
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>24,694,957</b>	<b>3,814,692</b>	<b>176,489,981</b>	<b>29,648,258</b>	<b>136,922,756</b>

Кестеде көрсетілген қаржылық кепілдіктің сомасы Компания кепілдік берген заемдардың баланстық құнына тең. Компания еншілес кәсіпорындар өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлемдерді жүзеге асыру бойынша кері шақырылмайтын міндеттемелерді атқарады.

**(в) Нарықтық тәуекел**

**Валюталық тәуекел**

Компанияның кейбір қысқа мерзімді депозиттер (9-ескертпе) ақша қаражаты (10- ескертпе), алу үшін дивидендтер (9-ескертпе) және міндеттемелер шетелдік валютада (АҚШ долларында және еуро) көрсетілген, сондықтан Компания валюталық тәуекелге тартылды. Қазақстан нарығында туынды қаржылық құралдарды таңдау шектеулі болғандықтан және мұндай құралдар қымбат болып есептелетіндіктен, басшылық Компанияның валюталық тәуекелін хеджирлеу туралы шешім қабылдады, өйткені мұндай құралдардан алынатын пайдаға сәйкес шығыстарды жаппайды. Осыған қарамастан, Компания болашақта немесе қажет болған жағдайда да хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық туындылар нарығындағы өзгерістерді қадағалап отыруды жалғастырады.

## 22 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде шетел валютасында көрсетілген активтердің жалпы сомасы мен валюталық тәуекелдерге тартылуға алып келетін міндеттемелер көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>АҚШ доллары</b>	<b>Еуро</b>	<b>Басқа валюталар</b>	<b>Барлығы</b>
2017 жыл 31 желтоқсан:				
Активтер	10,458,161	2,594	-	10,460,755
Міндеттемелер	-	(1,233)	-	(1,233)
<b>Таза ұстаным</b>	<b>10,458,161</b>	<b>1,361</b>	<b>-</b>	<b>10,459,522</b>
2016 жыл 31 желтоқсан:				
Активтер	28,301,296	114,543	3,602	28,419,441
Міндеттемелер	(166,865,816)	(3,448)	(1,281,570)	(168,150,834)
<b>Таза ұстаным</b>	<b>(138,564,520)</b>	<b>111,095</b>	<b>(1,277,968)</b>	<b>(139,731,392)</b>

шетел валютасында көрсетілген активтердің жалпы сомасы мен валюталық тәуекелдерге тартылуға алып келетін міндеттемелер көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
	<b>Пайдаға немесе залалға және капиталға әсері</b>	<b>Пайдаға немесе залалға және капиталға әсері</b>
АҚШ долларының [10%] –ға күшеюі (2016 ж.: [13%]-ға күшейді)	1,045,816	(18,013,388)
АҚШ долларының [10%] –ға әлсіреуі (2016 ж.: [13%]-ға әлсіреді)	(1,045,816)	18,013,388
Еуроның [10%]-ға күшеюі (2016 ж.: [15%]-ға күшейді)	136	16,664
Еуроның [10%]-ға әлсіреуі (2016 ж.: [15%]-ға әлсіреді)	(136)	(16,664)
Өзге валюталардың [10%]-ға күшеюі (2016 ж.: [17%]-ға күшейді)	-	(217,255)
Өзге валюталардың [10%]-ға әлсіреуі (2016 ж.: [19%]-ға әлсіреді)	-	242,814

### **Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі**

Сыйақылар мөлшерлемесінің өзгеруі, негізінен, тартылған несиелер мен заемдарды не олардың әділ құнын (сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар несиелік міндеттемелер), не олар бойынша болашақ ақша ағынын (сыйақының ауыспалы мөлшерлемесі бар несиелік міндеттемелер) өзгерте отырып, тартуға әсер етеді. Компания Басшылығының тіркелген және ауыспалы сыйақы мөлшерлемелері бар заемдар арасындағы Компанияның пайыздық тәуекелдері қандай арасалмақта орналастырылу керек екені жайлы ресми бекітілген саясаты жоқ. Бірақ жаңа несиелер мен заемдарды тартқан кезде басшылық өзінің кәсіби пайымдауы негізінде өтеу мерзімі басталғанға дейін күтілетін кезең бойы Компания үшін тіркелген не ауыспалы мөлшерлеменің қайсысы неғұрлым пайдалы болатыны туралы мәселені шешеді.

### **Капиталды басқару**

Капиталды басқарудағы Компанияның міндеттері болып капитал құнын азайту үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қолдауда және акционерлер мен басқа мүдделі тараптарды пайдамен қамтамасыз ету үшін үздіксіз қызмет ету қағидасына сәйкес, Компанияны өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету табылады. Капитал құрылымына қолдау көрсету және оған түзету үшін Компания акционерлерге төленетін дивидендтер сомасын түзете алады, акционерлерге капиталды қайтарып бере алады немесе қарыз қаражаттарын азайту үшін активтерді тарата алады.

## **22 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Саладағы басқа да компаниялар сияқты Компания меншікті және заем капиталының арасалмағы негізінде капиталға мониторинг жүргізеді. Мұндай арасалмақ капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза заем қаражаттары ретінде анықталады.

Таза заем қаражаты ақшалай қаражат пен эквиваленттерді алып тастағанда (қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «қысқа мерзімді заемдар» мен «ұзақ мерзімді заемдарды» қоса алғанда) заемдардың жалпы сомасы ретінде анықталады. Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «Барлық капитал, және оған қоса таза заем қаражаты » ретінде белгіленеді.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2017 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
Барлық заемдар	13	182,941,295	237,267,333
<i>Минус:</i>			
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	(14,142,829)	(4,812,476)
Таза заем қаражаты		168,898,466	232,454,857
Барлық меншікті капитал		386,407,198	415,258,327
<b>Барлық капитал</b>		<b>587,638,953</b>	<b>647,713,184</b>
<b>Заем мен меншікті капиталдың арасалмағы</b>		<b>44%</b>	<b>56%</b>

**23 Қаржылық құралдардың әділ құны**

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.				31 желтоқсан 2016 ж.			
	1- деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3- деңгей Әділ құн	Теңгерім дік құн	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3- деңгей Әділ құн	Теңгерім дік құн
<b>АКТИВТЕР</b>								
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленттері	-	14,142,829	-	14,142,829	-	4,812,476	-	4,812,476
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	3,037,304	-	3,037,304	-	27,394,854	-	27,394,854
Қаржылық дебиторлық берешек	-	14,890,776	-	14,890,776	-	1,316,717	-	1,316,717
Алу үшін дивидендтер	-	6,380,082	-	6,380,082	-	2,436,471	-	2,436,471
Берілген заемдар	-	12,635,688	-	12,635,688	219,900	50,003,373	-	50,223,373
<b>Барлық қаржылық активтер</b>	-	<b>51,086,679</b>	-	<b>51,086,679</b>	<b>219,900</b>	<b>85,963,891</b>	-	<b>86,183,891</b>
<b>Міндеттемелер</b>								
Заемдар	-	170,235,067	-	182,941,295	167,789,851	65,786,858	-	237,267,334
Берілген қаржылық кепілдіктер	-	2,262,892	-	2,262,892	-	1,432,273	-	1,432,273
Қаржылық кредиторлық берешек	-	750,235	-	750,235	-	438,612	-	438,612
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	-	<b>173,248,194</b>	-	<b>185,954,422</b>	<b>167,789,851</b>	<b>67,657,743</b>	-	<b>239,138,219</b>

**23 Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)**

Әділ құн иерархиясының 2-деңгейіндегі және 3-деңгейіндегі әділ құнның бағасы дисконтталған ақша ағыны моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық құралдардың әділ құны баланстық құнға тең болып қабылданды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қарызға беру нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағынының моделіне негізделеді.

**Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер.** Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

**Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер.** Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы заемдардың әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

**24 Есеп берген күннен кейінгі жағдай**

2018 жылы 18 қаңтарда «АЖЭО» АҚ-ның 8,600,000 мың теңге соманы құрайтын 366,768 акциясына меншік құқығы берілді.

2018 жылы 25 қаңтарда Компания Еуропа қайта құру және даму банкінің 2,333,665 мың теңге сомасындағы негізгі қарызы мен сыйақыларын өтеді (1,521,117 мың теңге сомасындағы негізгі қарыз және 812,547 мың теңге мөлшеріндегі сыйақы өтелді).

2018 жылы 6 наурызда Компания «Сбербанк России» АҚ ЕБ-дан 2 жыл мерзімге жылдық 13% мөлшерлеменен 1,500,000 мың теңге сомада ұзақ мерзімді заем тартылды.

2018 жылы 7 наурызда Компания жергілікті облигациялар бойынша 2,175,000 мың теңге сомасында алғашқы купонға төлем жасады.

2018 жылы 15 наурызда Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2,381,109 мың теңге сомасындағы қарызы мен жинақталған сыйақысын өтеді.

2018 жылы 19 наурызда Компания қаражаты есебінен «Qazaq Banki» АҚ-ның пайдасына 12 ай мерзімге 2,980,478 мың теңге сомасына «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға қаржылай көмек берілді. Қаржылық көмекті қайтару «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы деректемелері бойынша жүзеге асырылатын болады. Негізгі мақсат – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС мен «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС арасында 2018ж. 16 наурызда жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша алдын ала төлем жасау.

2018 жылы 28 наурызда Компания АҚ «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан 3,599,000 мың теңге сомасында дивиденд алды.

2018 жылы 29 наурызда Компания ЕҚДБ-ның 4,421,698 мың теңге сомасындағы негізгі қарызын мерзімінен бұрын ішінара өтеді.

2018 жылы 29 наурызда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның заемы бойынша 4,000,000 теңге сомада негізгі қарызын мерзімінен бұрын ішінара өтеді.

2018 жылы 24 сәуірде Компанияға «Сбербанк России» АҚ ЕБ-дан 2 жыл мерзімге 13% жылдық мөлшерлеменен 1,500,000 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді заем тартылды.

2018 жылы 25 сәуірде Компания ЕҚДБ-дан алған қарыз бойынша 1,495,100 мың теңге сомасында сыйақыны жоспарлы түрде өтеді.

**24 Есеп берген күннен кейінгі жағдай(жалғасы)**

2018 жылы 17 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына БЖЭС-ті банкрот деп тану туралы жүгінді. БЖЭС-тің 14 млрд. теңге сомада алынған қарыздары бойынша банк алдында алған міндеттемелерін орындамауы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның жүгінуіне себеп болды. Жеке қаржылық есептілікті шығарған кезде іс сот өндірісінде болды, БЖЭС-ті банкрот деп тану туралы шешім шығарылған жоқ.

2018 жылы 25 мамырда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға заем бойынша негізгі қарызды 2,100,000 мың теңге сомада ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2018 жылы мамырда Компания Сбербанк России АҚ ЕБ-ға заем бойынша негізгі қарызды 2,350,000 мың теңге сомада мерзімінен бұрын өтеді.